

ЕШКІ ЖЕТЕКТЕГЕН ЕКЕУ

немесе Зор мен Шоң ақыл айтады

Екі кісі ешкі жетектеп келеді. Түрлері таныс. Бірі Зор, бірі Шоң. Ал ортасында... кәдімгі кебенек. Сонда... бұл не пәле? Қазақ пен қырғыз атқа мінуші еді. Атқа мініп, ат жетектеуші еді. Есекке мінсе де... айып емес. Қожанасыр атамыздан қалған жора. Ал мынау ешкі дегеніңіз... Өзі жалғыз ешкі. Мұны қайтпек? Сірә... Шоң мен Зорға бас ұратын әлдебір рақымды жанның отардағы байлығынан шашыраған бір тамшы сияпат. Біздің кісілер айдай мүйізіне қызығып, қабыл көрген. Жоқ. Өздерінің де жағдайы бар. Сыйланған емес, сатып алынған. Тағы да сұрақ. Не үшін? Ешкінің еті де таңсық болып па. Қазы-қарта тұрғанда. Ал сүті... көк су. Үйірілген қымыз бен балдай шұбатты айтпағанда, құнарлы қой сүті бар емес пе. Сонда... Біздің түсімізге кірмеген әлдебір рәсім. Жоқ! Басқа. Ақыры таптық. Ешкінің сүті Еуропада аса жоғары бағаланады. Біздің әсіре батысшыл ағайындар да осы ешкі сүтіне көшкен. Бар дәмі сол жақтан болған соң. Ал мынау – жарнама. Сол үшін де Екеуі бірігіп шығарған кетпектей кітаптың сыртқы тысына әдемілеп бастырған. Кітаптың аты – “Плач...” – әйтеуір бірдеңені жоқтау. Шығарушылары – жаңағы Зор мен Шоң – М.Шаханов пен Ш.Айтматов.

1

Батыс пен Шығысты бірдей таныған, бірақ қағынан жерімеген бір ақылды адам айтыпты: “Өлеңге...” жоқ, ол – өткен сөз, бүгінгі тілге көшірсек: “Тарихқа әркімнің-ақ бар таласы.” Табиғи жағдай. Ұлттық танымға қаншама заман бойы тиым салынды. Барды – жоқ деп, оңды – теріс деп ұғындырды. Жөн сөйлегендерді жерге тығып, бұрыс сөйлегенді бар мәртебеге жеткізді. Басымыз байлауда тұрса да, аузымыз өзімізге тиген бүгінгі күні қалай көсілсек те тиым жоқ. Бұрынғы физик, әлде химик, бәлкім, үлгілі партия қызыметкері ежелгі қазақ тарихынан кетпектей кітап шығарса, ол кітаптың ішінде бәрі былығып жатса... күлетін ештеңе жоқ. Кешегі зорлық пен зәбірдің кері айналған көрінісі. Әйтеуір қазақ жаман, бізде тарих болған жоқ демепті. Сонысына тәуба. Кейінгілер түзей жатады. Сондай-ақ, кешегі іждағатты першіл мен еңбекшіл механизатор әлгі химиктен де асып түсіп, бүкіл әлем тарихын қопара бастаса, ол да айып емес; тым көп білгеннен әлденені шатыстырып, бірдеңені бытыстырып алса, тіпті, ежелгі советшіл сарынмен, басқа бір, талпақ танау жануардың тезегі боталы түйе болып кетсе, бәрібір бүлінген ештеңе жоқ. Тарихты жаңа танып жатқан шәкірт...

шәкірт емес, кез келген әуесқой ағайынның ғапыл айтқанында не тұр. Жазығы жоқ. Обалы – отарлық заманда.

Десе де... одан бері бір мүшел өтті. Тазаратын, танымды жаңартатын уақыт жетті. Тек... ұлы физиолог ашқан шартты рефлекс кейін тарта береді. Соның айқын бір көрінісі – біздің ұлы бабамыз, сайыпқыран Шыңғыс ханға көлеңке түсіретін, яғни, қазақтың өткендегі бүкіл ерлік тарихын теріске шығаратын дүмше-топас әңгіме.

Бұл әңгіменің соңы қандай сорақы болса, басталуы да соншама былық. Ұзынкұлақтан естуімізше, жақсы атақта жүрген әлдебір ақынымыз алпысқа тартқан шағында ата-бабасында болмаған өнер тауып, әлдебір шет тілде әлденендей роман-поэма, толғау-эпопея жазыпты-мыс. Е, мейлі. Қартайғанда кәрі боз жорға шықса несі бар. Ол эпопея-дастанды арғы беттегі әлдебіреулер мадақтапты. Жөн-ақ. Жақсы – жалпыға ортақ. Бөтен жұрт мадақтап жатса, бізге де абырой. Хош дедік. Сонымен, күндердің күнінде әлгі поэма-роман біздің елге де жетеді ғой. Шет тілге тумысынан тәуір бір бала оқып көреді. Оқып көреді де, көзі желкесінен шығады. Алайда, басқасын қазбалауға батпай, мына бір жері қалай болар екен деген күмәнін айтады. Бұл дүдәмал – бүкіл қазақ жұрты ғасырлар бойы пір тұтқан Шыңғыс хан есіміне қатысты екен. Шыңғыс хан, е-е... аруағыңнан айналайын, еріксіз қайталауға тура келеді, – Шыңғыс хан дәл осындай сұмпайы болған жоқ еді ғой дейді. “Қазақ әдебиеті” газетінде басылған шағын ғана, бейкүнә мақала. Тұтасымен емес, мақаланың бірер үзгіі.

Ал, кетті. Ойбай-аттан. Айқай-сүрен. Жер-көк ию-кию.

Әуелі өзін әлі күнге дейін бастаушы, бағдарлаушы деп есептейтін “Социалистік...” кешіріңіз, үйренген ауыз бұрылып кетті, айбынды “Егемен Қазақстан” бірнеше санында, баяғы, партиялық турашылдық жөнімен, Шыңғыс ханды халық жауы деп жариялайды. Аға газет лепесін соңғы екі-үш жыл орайында анасын да, тілін де ұмытып, ауылдас ағайын ұраншысына айналған “Ана тілі” қостайды. Күштілердің ыңғайымен ғана жүруге көшкен жалтақ “Қазақ әдебиеті” кері қайқайып, ол да халық жауын әшкерелеу бағдарын таңдайды. Осымен тоқтасақ керек қой. Жоқ. Біздің ағайын(дар) тоқтай алмайды. Енді Президенттің – әлдебір сауда мекемесінің, пайдашыл кәсіпкерлер ұжымының, тым құрса, Ғылым академиясының президенті емес, Қазақстан республикасының Президентінің атына арнайы хат ұйымдастырылады. Өңшең ығай мен сығай қол қойған Дабыл-нама, орысшаға аударылып, (немесе орысшадан қазақшаға көшіріліп) мемлекеттік тілде һәм ұлт-аралық қатынас тілінде әлденеше газетте жарияға шығады. Уһ!.. Енді ағайынның айызы қанған шығар деп едік. Болды, тоқтайды деп едік. Қайда. “Егер жау берілмесе, оны құртар болар!” Құрту керек. Жалпы жұрт жуасып қалғанымен, Шыңғыс ханның аты әлі күнге тарихта тұр. Сол тарихты ежелгі советтік үлгіге қайта түсіріп, жолдан тайғандарды әшкеререге шығару қажет. Сөйтіп, социалистік екпінді науқан одан ары жалғаса берді. Және осы, алғашқы бесжылдықта толалар түрі көрінбейді.

Сонда не айтады бұл, күрескер ағайын? Не үшін күресетіні белгілі болды, яғни, не айтары да белгілі. Мәселе қалай айтқанында. Қалай айтары да мәлім. Ойға алған мақсатын қандай тәсілдермен жүзеге асырып жатыр деуге – бұл да белгілі, бастан өткен жағдай. Десе де, балшабектік идеялар күйрегелі тұтас бір мүшел өтті, кейінгілер біле бермейді, бұрынғылардың өзі ұмытуға айналған, бірер сөзбен ежіктей кетейік. Не айтқанын емес, қалай айтқанын да емес, балшабектік күрес тәсілдерін.

Оның мәнісі – біздікі талассыз ақиқат, ал басқаша ойлаған адамның бәрі – жау демек. Бұл жау – жеке, жарым кісі емес. Көзге көрінгені – алғы шептегі санасыз элемент. Бұлардың артында басқа бір дүлей күштер тұр. Ол дүлей, қаражүрек күштердің негізгі мақсаты... – ойдойт дерсің, қалай тырбанса да бұған Шекспирдің қиялы, Толстойдың таланты жетпес еді, – негізгі мақсаты – мемлекеттік билікті басып алу! Дәп солай! Бүркемесіз, ашық айтылған. Кейбіреулер қазірдің өзінде хан атала бастапты. Көзі тірі патшамыз тұрғанда. Енді ұқтыңыз ба, айқайдың астарын? Кеше надандықтан жиренгенсіз. Бүгін түйсіксізге күлесіз. Ертең күлкіңіз келмей қалады. Жиреніш – ызаға айналады. Арандату талабына емес, жалпы жұртты әлі күнге дейін баяғы балшабектік замандағы тобыр санағанға. Тұнығым лайланды деп емес, осыншама кердең бассыздыққа. Және бұрынғыдан әрмен қайран қаласыз. Қалай дегенмен де трагедиялық комедия. Сахнаға шығу – сайқымазақ, көрермен болу – сор. Бірақ “Біз де ішпесек болмайды жынды судан” демекші, амалсыз араласады екенсің. Алпыс жылдық ғұмыр, қырық жылдық жазуымызды ортақ ұйыққа топтаған он үш томдық “Шығармалар жинағының” үздіксіз терімін екі-үш күнге ірке тұрып, “Шыңғыс ханның шарапаты” деген мақала жаздық. (“Алтын Орда”, 5.IV.2002; “Жұлдыз”, N3, 2002). Сонымен тоқтаймыз деп ойладық. Тоқтай алмай, жарты жылдан соң, тағы да амалсыздан ескі сұрлеуге қайта оралып отырмыз. Енді ең соңы осы екеніне сенім жоқ.

Біз тоқтар едік. Ұраншыл балшабектер тыным беретін емес. Аталмыш мақала шыға салысымен “Ана тілі” газеті бізге (Шыңғыс ханға емес) ішкі қос бетін тұтасымен арнады (6.VI.2002.). Әуелі бұл қалай, анаған қарсымыз, мынаны жақтаймыз деген “еңбекшілердің хаты”, ең соңында біз айыптаймыз деген сарындағы “ұлт зиялыларының” хаты. “Ұлы Октябрь” төңкерісінен тартып, Колбин-Желтоқсанмен тәмамдалған үйреншікті сарын (айтпақшы, әлгі “зиялыларды” бастаушы – сол Колбиннің қолшоқпары ретінде атақты “Желтоқсанды айыптау” үндеуіне қол қойған сабаздардың бірі). Бұл екі ортада доктор, профессор атағын әлде лениндік кәсіподақ, әлде балшабектік партия тарихынан жеңіп алған бір-екі ағайын. Ол да таң емес. Таң қаларлығы – бар сөздің тұздығы ретінде сол қанаттағы тұтас бір бағананы толтырып тұрған әдемі өлең. Манағы атақты ақынның маған, жоқ, өзімді тым көтере бермейін, Шыңғыс хан екеуімізге арнаған мадақ жыры. Әрине, мән-мағнасы керісінше, бірақ күні бүгінге дейінгі қазақ тарихында кімнің есімі Шыңғыс ханмен қатар аталып, бір деңгейге қойылыпты! Қанша масаттансақ та мойындау керек, Шыңғыс хан кім, Мен кім! Ұлы қағанның кейінгі жаңғырығы Әз-Жәнібек хан, Қасым хан, Салқам Жәңгір

хан, Абылай бахадүр хан... тағы басқа ұлы әміршілерді айтпағанда, Атамыздың кейінгі ұрпағы Шоқан Уәлиханов пен Әлихан Бөкейхановтың өзінен садаға кетейік. Мақтау, мадақтың да мөлшері болады, ақын дос сәл артығырақ кеткен. Жарар, қысылсақ та теріс көрмедік. Тек осы мадақ жырдағы бір, титімдей ғана өкпе-наз сәл-пәл емес, тұтасымен артық көрінді. Сөз сыңайына қарағанда, мен бұл ақынның ғажайып кітаптар арқылы жеткен, бұрынғыдан да аспандап кеткен абырой-атағын қызғанады екем, “даңқ жолына көлденең жатып алыппын”. Әңгіме баяғы, туған анасын жарып өлтіріп, соның өкпе-бауырын сүйген қызына қуырдақ жасап берді дейтін махаббат жыры туралы болмаса керек (ол кезде Гагарин, Гуррагча, Армстронг, Зор және Мен бесеуіміз арамыздан қыл өтпес дос едік, Отырардың шаңына бірге аунап, Ыстықкөлге бірге шомылып жүргенбіз), сірә бұрынғы досымның айтып отырғаны – “Бірдене де сірдене Космоформула” деген роман-поэма болса керек. Құдай сақтасын! Әлдебіреудің жер өртеп шығарған атағына қызығуға болар, ал Космоформуладан қызғану деген... Жолдан туған деуге әкесі түгілі шешесінің кім екені белгісіз, әлдеқайдан олжаға түскен шалағай қойыртпаққа өкіл әке болу да мұрат па екен! Менің жетпіс алтыншы атадан туысатын бауырым Гуррагчаның “твая-мая” “іздірәсти” досы ұлы орыс тілінде роман-поэма жазғанда, “айын, сыбай, зекіс, нойын” деп, онға дейін мүдірмей санап беретін Мұхтар Мағауин әлемдік ағылшын тілінде төрт-бес томдық эпопея жазып шығара алатынына кім күмәнданбақ! Жасыратын не бар, ондай ой бізде де болған. Менің досым... ойбай, олай емес екен, ұстазым ұлы Мұхаң түсімде емес, өңімде аян беріп, тоқтатты. “Саған Менің атымды қойып еді. Сол да жетпей ме. Әлде қазақ тілін түгестім деп жүрсің бе. Пәлі, алдымен Абайды ұғып ал, содан соң Маған үніл. Өмірлік ризығыңды табасың.. іздегенің пайда болса...” – деп бір нұқырды. Іздегенім пайда ғана емес, атақ деп айтуға қорықтым. Сөйтсем, ішімдегіні оқып тұр екен. “Атақ іздесең де, пайда көздесең де, ең алдымен ана тілінді, ата жұртыңды ардақта! Біздің заман... қиын болды. Еркімізбен жүре алмадық, асыл сөзімізді айта алмадық... Сенің Жөнің де, Менің де басқа! Қолдағы бақытыңның қадірін біл!” – деді. “Ал анау... – дедім, көңілім орнығып, соған орай аз-маз ақталғым келіп, – Сіздің атыңызды жамылып...” “Ол менің атымды емес, сенің атыңды жамылып жүр. Мұхтар – біреу-ақ, Әуезов. Өзің жазғансың. Қалғандарың – фамилия ғана, ескі қазақша айтсақ, сой. Маған сөз келтірмесең, өз сойынды көтерсең, есімің де ерекше мағнаға ие болмақ. Болды деп ойласаң, одан да жоғары көтер!...” – деді. Сөйтіп тоқтап едік біз. Ал менің әлгі досым... Гуррагчаның – менің туысым Гуррагчаның суретін алыстан ғана көрген дос тоқтай алмапты. Бірдене Космоформулаға, немесе, Космоформуланың бірденесіне қызығып кеткен. Табақтай үлкен кітап етіп шығарған. Сыртына бұл кітаптың егесі – басқа емес, өзі екендігін куәландырып, бәсіре таңбасын басқан. Суреті – болса болмаса. Бұл жолы жалғыз өзі. Бірақ көп ұзамай-ақ, баяғы, екеулеп Ешкі жетектеген мүбәрак күндер қайтып оралады деп ойламаған.

Біз бұдан бұрын М.Шаханов бауырымыздың есім-сойын тіктеп атамасақ, қасындағы кісіден именгеннен, немесе өзіне табу салынғаннан емес. Әуелде аядық. Жұрт аузында жақсы атағы бар, кезінде оқи алмай қалса, обалы совет өкіметінде, аңдаусызда шығып кеткен лепес, хан, патшаның сыртынан кім не демейді, айтты – қалды, шөже торғай самұрық құсқа шапқаннан не шықпақ... деп ойладық. Тек оспадар әңгіме біздің мың жылдық тарихымызды түгелге жуық мансұқ етуге ойысқан кезде секем алдық. Ал Шыңғыс ханға қарсы жорық бүкіл-әлемдік крест жорығына ұқсай бастағанда бұл кісіміздің тегін адам емесіне көзіміз жетті. Аяйтын ештеңе жоқ екен. Бәлкім, қорқу керек шығар. Өзінен емес, дақпыртынан. Дәлірек айтсақ, дақпырттан. Күлді-көмеш дақпыртпен-ақ біраз дүниені былғауға болады екен. Бірақ дақпыртшының көңілінде үнемі күмән тұратын сияқты. Өз ісінің дұрыстығына. Сондықтан да қол жинайды. Баяғы, қаматып қоятын, атқызып жіберетін заман жоқ. Бірақ әлсізді үркітуге, мықтыны мыжғылауға болады. Мақсат – шәй деген қарсылық атаулыны дымын шығармай, біржола жаныштап тастау. Баяғы “Ұлы Отан” соғысындағы “Сталиндік оныншы соққы”. Мектептегі оқуымыздан жаңылмасақ, Берлинді алу ғой. Ол дегеніңіз – бұрынғыдан да қуатты өзгеше серпін. Яғни, М.Шахановтың есебінше, “Адамзаттың Айтматовы”. Ескі қазақша айтқанда, Қоңыраулы балуан. Бірақ заманы өтіп кеткен Қоңыраулы балуан түгілі, алып күшті Қара дәу, Сары дәулердің өзі сіңірі қатты әлдебір жалаңбұт баладан жер болып жығылып жататыны бар. Бұл Екеуі есептен шығарып тастаған қазақта үйреншікті орыс түгілі, алыстағы ағылшын тілінің өзінің түбін түсіретін таусоғар өскіндер көп. Бар ісін кейінге қаратпай, өздері-ақ тып-типыл қыла алатын үлкендер де бірер дожна. Қалай күрессе де, бұрынғы майдандарда абырой алған Қоңыраулы балуанды аяу керек еді. Бапкер Дос-серігі аямаған. Тіршіліктен үміті бар жазарман атаулы түрінді көрер-көрместен тым-тырақай қашады деп алдарқатып, бұйдалап әкелген де, шаршы топтың алдына шығарған. Қоңыраулы балуанның өзі ойлану керек еді. Осынау күмәнді істің ақырғы нәтижесі бұрынғы абыройға сай келе ме деп. Ойланбаған. Ойланса да есебі қате шыққан. Баяғы, Колбин заманындағы бір есептер сияқты. Десе де, обал. Бірақ обал екен деп, атаңның құнын жібере алмайсың. Біз тағы да, бұл жолы ділгір жұмысымызды емес, әрең жеткен демалысымызды бұзып, Шыңғыс ханға қатысты келесі мақаламызға кірісуге мәжбүр болдық.

Әйтсе де... Шыңғыс ханға, Шыңғыс хан емес, бүгінгі тарихи танымға қатысты еріксіз мақаланы бастар-бастамастан көңілімізде күмән туды. Осы қажет пе? Ешкі – екі аяқты, адам – төрт аяқты деп жатса, соны теріске шығарып, жарым құлаш мақала жазу қаншалық дәрежеде ақылға сияды? Сияды екен. Өйткені, төрт аяқты ешкіңіздің өзі де төрт аяқтың жетегінде келеді, сондықтан бұл төрт аяқ – екі адамға тиесілі екендігін айғақтау қажет. Бұл екі кісіміздің бірі – бастаушы, бірі – қостаушы емесін, екеуінің тең дәрежесін, достас, пікірлес қана емес, астас, атақтас

екенін, баяғы, бес жұлдыз, отыз орден, қырық медаль, елу куәлік Брежневтен соңғы ең мәртебелі азаматтар екенін айту шарт. Айттық. Шоң екен, Зор екен. Бәрін алыпты. Бәріне жетіпті. Енді не керек. Керек екен. Әлі де алмаған атақтар бар. Нобель емес. Оны түсімізде көреміз. Шыңғыс ханды талқандаушы! Тарихты қайта жасаушы! Зор айтады өзінің бір сұхбатында, Дүниеге танылу үшін орыс тіліне көштім дейді. Өттегене, ертерек көшу керек еді. Сонда Шоңның өзін далада қалдырар ма еді, қайтер еді. Оның үстіне, ұлы орыс тілінің бағасын көтерген совет өкіметі де құлап қалды. Ең үлкен өкініш сол. Советтік заманда бар мұратына жеткен Шоңның өзі өткенге деген сағынышын жасыра алмайды. Реніш-кейісі де осы орайда. Бәріне кінәлі... кім? Мінекиңіз... “Желание же некоторых руководителей постсоветских республик как можно быстрее осуществить политико-правовое оформление суверенитета и независимости своих государств...” Сұмдық екен. Біріншіден, дербестік пен тәуелсіздік әлдебір басшылардың қалауымен ғана жүзеге асқан жоқ. Екіншіден, сол басшылар егемендіктің заңдық-құқықтық негіздерін мүмкіндігінше тезінен жүзеге асыруға ұмтылғаны неге күнә деп бағалануға тиіс? Әлде, отарлық бұғауын үзбей, құлдық қалыпта жүре беруіміз керек пе еді? Солай екен. Сөйлемнің толық нұсқасы: “Желание же некоторых руководителей постсоветских республик как можно быстрее осуществить политико-правовое оформление суверенитета и независимости своих государств способствовало возникновению различных псевдоисторических учений, в том числе и незаслуженному возвеличиванию отдельных относительно ярких исторических деятелей, но, увы, тиранического склада”. Шоң айтыпты. Зормен әңгімесінде. Терең мағнасын толығымен байыптап, нақпа-нақ тәржімалау үшін Зордың тарихи білігі мен орысша тілі керек. Ал біз бірденесін бүлдіріп алармыз. Долбармен нұсқаласақ, кейбір советтен соңғы республика басшылары әлгі, тәуелсіздік деген пәлені қайтсек тезірек нығайтамыз деп жүріп, тарихи жалған ілімдердің пайда болуына, әлдебір дүлей тарихи қайраткерлердің орынсыз марапатталуына жол ашқан. Апыр-ай, бұл кім екен? Сұхбат соңында Зор өзінің “Бірдеңе Космоформула” роман-поэмасынан келтірілген және бір тұспалға жүгініпті. Қара сөзбен жазылған өлеңді қазақшаласақ: “Қазір билік басында, – Көбіне-көп, – Ақылы орташа, – Бар ісі орташа... – Аяр адамдар отыр...” Тағы да кім екенін таба алмай басымыз қатты. Шоңның сөзі де бастан-аяқ тұспалға құрылған. Кейбіреулер, кейбір елде... деп жалпылап кете береді. Тек Шыңғыс хан ғана нақты аталады. Содан соң Қазақстан. Бірер жерде Моңғол елі. Бірақ Моңғол – постсоветтік республика емес қой. Яғни, жаңағы, “тәуелсіздігіне асыққан” басшы да, “орташа, аяр басшы” да тақау төңіректе жүр...

Хош. Алға озыңқырап бара жатыр екенбіз. Басынан түсейік. Мүмкін болса. Қиындық – тақырыпта емес. Мазмұнда. Айт-двадан арғыны ұқпайтын ортада ешкінің аяғы екеу емес, төртеу екенін дәлелдеу – оп-оңай шаруа болмаса керек.

Сонымен, бәріне кінәлі – тәуелсіздік. Онысы рас. Еріксіз алғашқы мұғалімінен көкпарға сүйреп салған жорғасына дейін коммунизм ұранымен күн кешкен темір бұғау қирағаннан соң, басқа болмаса да ой-пікірге еркіндік тиді. Соның ең алғашқы көрінісі – өзіңнің адамдық кейпінді тану, ұлтыңның өткенін байыптау еді. “Халық жаулары” түгел көсем болып шықты, “зұлым хандар” ұлт батырына айналды. Бүкіл өткен тарих жаңаша жазыла бастады. Жетіспей жатқаны көп, асыра сілтеу де жоқ емес, оның бәрі – уақытша олқылық, ең мәндісі – басымыз бос, ойымыз еркін. Өткенге – рухани өмірімізге, азаматтық тарихымызға қатысты мәселенің бәрін отаршылдың ыңғайымен, өзінді кеміту, өзгеге жағу үшін емес, өз тұрғыңнан шешуге мүмкіндік туды. Бірақ жүз елу жылғы отарлық, оның ішінде, әсіресе, жетпіс жылдық балшабектік соқыр санадан арылу – оңай емес еді. Ұлы бабамыз, сайыпқыран Шыңғыс ханға, яғни, өткендегі ұлттық тарихымызға қатысты әрқилы әңгіменің өріс алуы да ең алдымен біздегі отарлық зобалаңның ауыр зардабы деп білуіміз керек.

3

Десе де... дәл осы былық әңгіме қайдан шықты? Шоңның пікірін білдік. Ал Зордың айтуынша, бәрі басқаша. Әңгіме тіпті де Шыңғыс хан – қазақ тарихы туралы емес. Бұл – сылтау, тетік қана. Бар кілтипан әлгі “Бірдененің Космоформуласы” деген, өлеңмен орысша жазылған ғажайып роман-эпопеяда тұр. Түйеден түскендей қылып былай депті: “... Вот в такой момент вышел мой поэтический роман “Космоформула карающей памяти” (Тайна, унесенная Чингисханом). Тем не менее, я никак не предполагал, что поддержанный в предисловии вами и другими известными учеными и историками он станет предметом столь большого спора, аналогии которому до сей поры не было в истории и литературе Центрально-Азиатских стран.” Пай-пай! Бұл – орысшасы (“Начнем с понедельника”, 26.IX.2002). Қазақшасы сәл бәсеңдеу: “Міне, осындай сәтте менің “Жазагер жады космоформуласы” (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты поэтикалық романиым жарыққа шықты. Дегенмен, алғысөзінде сіз, Шыңғыс Төрекұлұлы және басқа да белгілі ғалымдар мен тарихшылар қолдау көрсеткен шығарманың осы кезге шейін Орталық Азия елдерінің тарихы мен әдебиетінде болмаған үлкен даудың өзегіне айналады деп кім ойлапты?” (“Жас Алаш”, 17.VIII.2002). Біз де қайран қалдық. Мұндай дау болған емес. Ондай шығарманың бар-жоғы туралы хабардың өзі емескі. Әлдебір жерде әлдекімдерге ұнапты, Өтекемнің баласы тамсаныпты деген дақпырт қана. Ең үлкен әңгіме – орысша онға дейін әрең санайтын ағайын қалайша өлеңмен роман жазған деген мазақ. Бұл ұятты әңгіменің бір пұшпағы баспасөзге де жетті (мәселен, “Алтын Орда”, 5.VII.2002). Бұдан өткен масқара бола ма. Бірақ пейілі кең қазақ пәле қуып отырған жоқ. Пыш-пыш қашанда мәнді сөздің арқауы бола алмайды. Жазса несі бар. Қазір жұрт арғы беттегі ағылшын тілінің өзін үйреніп алды. Әңгіме, қайталап айтайық, Зор қанша күпсінгенімен,

“Бірдененің Космоформуласында” емес. Қажет болса, оған да жетеміз. Әңгіме – ата тарих турасында. Бұл тарихты Ешкі жетектеген Екеу түгілі, атом бомбасын арқалаған Қызыл Империя да тапап тастай алмаған.

Алайда, өз айтуына қарағанда, Антарктидамен қоса, алты құрылықты түгел табындырып отырған Зор енді Орталық Азияны табанына салмақ. Бұл жолдағы әуелгі бөгесін – Шыңғыс хан екен. Өйткені ол деген... ол деген...

Ол дегеннің кім екенін әйгілеу үшін жасалған әрекет, жазылған шатпырақтың бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Және қажеті жоқ. Біз бұрынғының бәрінің ең соңғы қорытынды түйіні болып есептелетін сұхбатқа ғана тоқталамыз дедік. “Ч.Айтматов, М.Шаханов. Опасный фетиш Чингисхана”.

Шыңғыс ханды біржола көрге тығып, оның атын тәуір атағандардың бәрін жерге тығатын, әуел бастан орысша дайындалған “диалог-размышления” әуелде “Тайна Чингисхана” деген атаумен Ресейдің “Труд” газетінде (18.VII.2002) жарияланды. Неге “Труд” десеніз, сірә, “Известияға” қол жетпеген, “Литературная газета” мақұл көрмеген, “Правда” болса болмаса жоқ, сондықтан бір кездегі Всесоюзный Кәсіподақтың ұраншысын қанағат тұтса керек. Ескі ғадет. Советтік бақытты заманда “Труд” сынаса кім тірі қалатын еді. Бірақ “Баяғыдай болар ма тағы заман” деп өксігеннен пайда жоқ, бүгінгі “Трудты” Ресейдегі әлдебір ағайындардың алдына тартуға, мен сөйттім деп атмешатса етуге болар, қазақта кім біледі – ешкім көрген жоқ, естіген жоқ, бүкіл Орталық Азияда Екеуінен соң Үшінші болып, әлдебір қиғаш каналдар арқылы бізге ғана жетіпті. Бұл әуелгі әңгіме – кейінгі көп сөздің ықшамдалған, ықшамдалған емес, Ресей жұртына ыңғайланған нұсқасы екен. Ыңғайланған дейтініміз, соңғы, қазақ басылымындағы скинхедтер – бүгінгі Ресейдегі жария фашизмнің көрінісі болып табылатын нәсілшіл қозғалыс туралы сөздер мұнда жоқ. Әлдекімдерге ұнамай қалуы мүмкін ғой. Біз сияқты жуас түйе емес, қысы-жазына қарамай жүндей беретін. Ұлы орыс халқының қазір өздері де жиреніп отырған жаманына ескертпе айтуға батпаған Шоң мен Зор Шыңғыс хан сияқты “қаныпезер тиранды ардақтау – әділетсіздік қана емес, арсыздық” (“не только несправедливо, но и безнравственно”) деп бастайды да, құны төмен қазақ пен моңғолды және қаны бұзық Мұхтар Мағауинді төпелеп шығады. Бірақ не пайда, айтты – ай далада қалды. Орталық Азиядан тырс еткен дыбыс жоқ. Ешкім естімеген. Естіген біз Батыс Еуропада жатырмыз. Қол тимейді. Демалыс. Сейіл, саяхат. Тағы басқа шаруалар. Әп бәлем, ауылға жетерміз, содан соң Шыңғыс ханның кім екенін көрсетеміз деп кіжінуге жазды өткердік. Күз түсе елге оралсақ, Шоң мен Зор көкесін танытып көрсетіп қойыпты: Шыңғыс ханның кім екенін (баяғы жауыз ғой), біздің кім екенімізді (Бас редактор, бірақ басы айналып кеткен); сол ғана емес – қазақтың мыйсыздығын, моңғолдың одан да асып түскенін. Жаңадан тапқан ештеңе жоқ, бірақ жалпы жұртқа жететін жағдайда. Әуелі “Жас Алаш” – 17.VIII.2002 – “Шыңғыс ханға деген қатерлі құлшылық” – “орыс тілінен аударылған... сәл ықшамдалып жарияланып отыр” депті редакция. Онысы

бекер болған, жариялағаны емес, ықшамдалғаны. Мен өзім жиырма жылдық тәжірибесі бар Бас редактор (Екеу қалай айтса да) ретінде қандай да бір ықшамдауға қарсымын. Автордың ең бір өзекті ойлары қалып қоюы мүмкін ғой. (Мәселен менің “Жеті батырға” жауап хатымдағы ең бір тұздықты сөздерді “Қазақ әдебиетінің” қалт-құлт редакторының алып тастағаны сияқты; бұл мүскін қазір осы “Жас Алашты” шырқыратып отыр, сондықтан, егер ызадан жарылып кетпей, аман-есен жазып бітірсем, осы мақаланы аулаққа алып қашып, тура “Алтын Орданың” төрінен шықпақпын). Бірақ біздің Екеу де осал адамдар емес. Ізінше халықаралық орыс тіліндегі әуелгі нұсқасымен “Новое поколение” газетіне шығады (28.VI.2002). Қателесіп кетіппіз, қазақшадан бұрынырақ екен. Бәрібір ең толық нұсқасы емес. Ең толық, әзірше біздің қолымызға тиген академиялық, канондық мәтін – “Начнем с понедельника” апталығы, 20, 27 сентябрь, 4 октябрь 2002, газеттің тұтас үш саны, әр жолы табақтай-табақтай бір беттен. Қарық болдық та қалдық. Әзірше деп отырғанымыз, бұл терең мәнді ой-сұхбаттың бұрынғы советтік кеңістікте тағы қай жерлерде басылып шыққанын, басылып жатқанын және басылмағын түгендеу мүмкін болмады. Тағы да әзірше, барға қанағат.

Жоғарыда бірер үзінді келтірдік (елінің тәуелсіздігін тезірек тиянақтауға тырысқан ақылсыз басшы туралы жүрекжарды толғаныс). Екі Алыптың ақыл-ой, күш-жігерінің жинақты көрінісі болғандықтан, анау – Шоңның, мынау – Зордың сөзі деп арасын аша беру орынсыз. Бұл – талас пікір емес, бірін бірі қостау, толықтыру, тиянақтау, тереңдету бағдарындағы кеңес. Зор бауырымыз М.Шаханов айтады, Шоң ағамыз Ш.Айтматов мақұлдайды, және керісінше, ағамыз дамытады, бауырымыз бекітеді. Кім сөйлеген ретіне қарай емес, аса бір мәнді, өзіндік бояу-нақышы қалың тұстарда ғана Шоң деп, Зор деп атап көрсетуге болар. Ара жігін бөлгеніміз емес, ерекше қадір-құрметіміз. Алып пен Асқар – Зор және Шоң. Әйтпесе, үлкен кісілердің есім-сойын қайта-қайта атай берудің өзі әдепке сыймаса керек.

Сонымен, тарихи сұхбат басталып кетті.

4

Басталды деп отырғанымыз – баяғының жалғасы. Тек ептеп тұздықталған. Бұрынғы, Зорға ғана тиесілі дүмше тұжырымдар майдаланып, шалағай пікірлер жұмсартылып, өкіреш айқай сыпайыланып, кәдімгідей, бір сыдырғы өңдеуден өткен. Бірақ негізгі тұғыр – бұрынғы, ой-толғамдар да баяғы, советтік қалыптан шыққан күлді-көмеш күйінде. Сыпайылап қайырсақ, Шыңғыс хан – дорақ, оны тәуір көргендер – топас дегенге келеді. Және толып жатқан басқа да бықсық. Біз бұрын да айтқанбыз. Құлағы бар кісі ұғатындай етіп. “Шыңғыс ханның шарапаты” деген мақалада. Енді байқасақ, мәселе құлақта емес екен. Танымда. Жетпіс жыл бойғы қалыптасқан түсінікте. Екеудің өз тілімен айтқанда, қатерлі түсінікте. Түйте түсінік емес, адасқан, жаңылған ұғым емес. Наным. Совет өкіметімен, отарлық

идеологиямен біте қайнасқан, бірге орныққан сенім. Балшабектік сенім кашанда бұл қалай деген күмәннан тыс. Өйткені бұл – берік сенім ғана емес, бұлжымас заң. Осылай ғана болуға тиіс. Басқаша ойлағанның бәрі – халық жауы. Бұл жау берілмесе... не болары белгілі. Манағы, мақала басындағы сөзімізге қайтып оралдық. Тағы да қайталайық, бүгінгі заман басқа. Сөз өтімді болуы үшін оны кім айтуы шарт емес, анық, ақиқат болуы шарт. Ал Екеудің сөзі – тек өктем зорлыққа ғана негізделген. Бізді қалам алуға мәжбүр еткен де осындай оспадарлық. Әйтпесе, Бүкіләлемдік ақпараттық Орталық өткен мың жылдықтағы ең үздік он адамның бірі – жай ғана онның бірі емес, біріншісі деп бағалаған сайыпқыран Шыңғыс хан ешқандай арашаға зәру емес. Біз кейінгі ұрпағы жерге қарамасын деп қана сөзге кірісіп отырмыз.

Сонымен, Шыңғыс ханға бүйрегі бұру – әділетсіздік қана емес, арсыздық болып табылады екен. Жай ғана арсыз емес, ақыл-ой дамуының ең төменгі сатысында тұрған надан, топас жандар. Мұны аз десеніз, есденінде кілтпан бар, құлқы ауру, санасы сырқат. Бұл қатерлі дерт – мінезден, санадан озып, қанға тараған. М.Шаханов “Ана тілінде” басылған, бізге арнаған мадақ жырында Мағауин Шыңғыс ханның “жез сақалын махаббатпен тарайды”, оны “әділдік күрескері санайды”, “мәңгі мақтанышқа балайды” дей келе, “Бұл қандай ой зіл-қасырет салмағы, – Қай науқастың түйіршігі қандағы” деп, зар төге толғанады; мұның бәрі – “рухсыз сөз”, ал мұндай пікірдегі жан атаулы – “ізгіліктен арыған” қылмыскер, зиянкес, кәдімгі сауысқан мен көкек көрінеді. Енді Ешкі жетектеген Екеудің сұхбатына қарағанда, мұндай азған, тозған, санасыз сырқаттар – бір адам, белгілі бір топпен ғана шектеліп қалмапты, атаулы халықтар, тұтас мемлекеттер кәкәй болған. Кәкәй болмас жөні жоқ, өйткені үкім айтушы Екеу – әлемдегі бар атақты алып болған, дүниедегі бар даналықты бойына жинаған, Алла тағаланың өзімен бой таластырған (Ш.Айтматов өзінің бір сөзінде “Мен неге құдайдың құлы болуым керек?!” дегені мәлім) жаңа бір Құдырет. Мейманасы тасыған күнәкар пенделер шын Құдыреттің кәріне ұшыраймыз, бір-ақ күнде төбемізден жай түсіп, күл-топыраққа айналамыз деп ойламаған. Әйтеуір қарпып қалу, айтып қалу.

Сондағы айтатындары – Шыңғыс хан жаман, қанішер, пәленбай қаланы қиратқан, пәлен жұртты жойған. Біз айтайық, Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарының атының тұяғы тиген ешбір жерде ешқандай халық жойылған жоқ. Бәрі де ата-жұртында өсіп, өніп, бүгінгі күнге жетті. Әйтпесе, қолда тұрған қытайды қырып тастау қиын ба еді. Орысты орманымен қоса жоқ қылуға шама жетпеп пе. Сартты жер бетінен біржола көшіру тіпті оңай болатын. Олай жасамады, ұлы қағанның мұраты – басқаны жою емес, өзін сақтау болатын, сондықтан да дүниенің құрылымы өзгергенімен, құрамы жаңармады. Ұлы қағанның айыбы болса – сол ғана. Тарихқа қараңыз. Ешкі жетектеген Екеу арқа сүйеп, аруак тұтып отырған Иоан мен Джонның жұрты Батыстағы егіз құрылықты жаулап алысымен, тікелей тазарту жұмысына кірісті, нәтижесінде көп ұзамай-ақ жергілікті, байырғы жұрт біржола жойылды, қазір Жердің

екінші жарымы – Солтүстік, Оңтүстік Америка аталатын қос құрылық тап-таза қалпында жаулаушылардың билігінде тұр. Қос құрылық қана емес. Бүкіл Аустралия, Тасмания, Жаңа Зеландия, Мұхитстан – түгелімен “нәсілі төмендерден” аласталды. Кеңбайтақ Еуразияға өктемдігін орнатқан Иванның жұрағаты аяусыз қан кешу, аталы қаншама жұртты соңғы тұяғына дейін қырып-жою арқылы әлемнің алтыдан бір бөлігін иеленді. Мұның бәрі – Шыңғыс ханның ісі емес. Кейінгі бүкіл әлемдік екі қырғынды айтпағанда. Кең дүниені былғаған – біздің Шоң мен Зор табынып отырған нәсіл. Бұл Екеуінің айтуынша, жер-жиһанды бүлдірген, бүгінгі жыртқыш кепке түсірген – Шыңғыс хан және оның әулеті көрінеді. Әлгі Ақ түсті Алыптар емес. Неге десеңіз, кімнің қолында күш болса, сөз де сонікі. Сөйлеуші де соның жағында. Шын сабаз... (манағы бізге арналған мадақ сөздердің бәрін қайтарып бердік) Ешкі жетектеген Екеу емес пе!

Соншама күпсініп отырған Шоң мен Зордың сауатының соншалық төмендігіне қайран қалдық. Тарихи зерде деген атымен жоқ. Адамзат қоғамының даму жолдары туралы ұғымның елесі де көрінбейді. Көне ғасырлардың өз заңы болғаны, бүгінгі ұғым-түсінік, таным мен мораль өткенге сәйкес келмейтіні есеп емес. Шоң мен Зор мыйға сіңіп қалған коммунистік қағидаларды ғана мойындайды. Және ол қағидалардың, қалай айтсаңыз да, бүгінгі сүйікті Иван мен құрметті Джонның өзінің аталарына жүрмейтінін ойламаған. Еуропада қантөгіс соғыстар болмап па. Халық қырылып, қалалар қирамап па. Беріден тартқанның өзінде Жүз жылдық соғыс, Отыз жылдық соғыс, Жеті жылдық соғыс дегендер қайдан шықты. Басқаны былай қойғанда, бытырап жатқан орыс княздіктерінің өзара шабысы кейінгі Бату ханның жорығы кезіндегі қырғыннан он есе артық қасырет әкелгенін орыс тарихшыларының өзі теріске шығармайды. Рас, соғыс деген – сұмдық. Соғыс деген – апат. Барлық уақытта, барлық заманда. Бірақ жалпыға ортақ кесапат еді ғой. Әлі де солай. Әйткенмен, советтік низамның өзінде әділетті соғыс, әділетсіз соғыс деген бар еді. Оның мәнісі – біз соғыс ашсақ – дұрыс, басқалар соғыс ашса – хайуандық демек. Коммунистік қабыршағын алып тастасаңыз, негізінде шындық бар. Біздікі дұрыс – өйткені ұлттың, мемлекеттің өмірлік мүддесінен туындауға мүмкін. Өзгенікі теріс – өйткені біздің ойға алған мақсатымызды жоққа шығаруға тырысады. Мұның бәрі – қажетті мәжбүрлік дер едік. Бала-шағанды құлдыққа, ел-жұртыңды тонауға беріп қоя алмайсың. Осыған үстеме – ұрпағыңның өрісі кеңейіп, отаныңның қуаты арта беруі керек. Шыңғыс ханның бар ісі, бұл істі жалғастырған ұрпақтарының бар мұраты – осы, Өзіме болсын деген ниет нәтижесі. Өзгенің мұратымен күн кешкен біздің бүгінгі әулет үшін сорақы көрінуі ғажап емес.

Шыңғыс хан өз жұртының табғаш-шүршіт жұртына құл болуын қаламады. Сол үшін әуелі ат жетер жер – бұрынғы Шығыс Түрік қағанатының шегінде отырған, ежелгі күш-қуатын қайта тапқан, бірақ алауыздықтан арылмаған көшпенді тайпалардың басын біріктіру жолында күресті. Бұл тайпалардың қайсысының тегі кім деген – ұзақ

сонар әңгіме. Басым көпшілігі, тіпті, түгелге жуығы түрік екені күмәнсіз. Нақты тарихи деректерге қарағанда, жеке хандық болып отырған Керейлердің өзінің ұзын саны бір миллионды төңіректеген. Үлкен қуатқа жеткен Наймандардың қарасыны бұдан кем болды деп айту қисынға келмейді. Кейін бүкіл Еуразия тарихында елеулі қызмет атқарған тағы қаншама ұлы тайпалар: Қоңырат, Жалайыр, Қатаған, Маңғыт, Қият, Барын, Шырын... Шыңғыс хан осы, Ежелгі Түрік заманындағы біртұтас мемлекетінен айрылып, бет-бетімен отырған қайратты қауымның басын қосты. Сөйтіп, Шығыстағы қаһарлы Қытайдың алдынан тосқауыл қойды. Бірақ ұрпақтың болашағын қамтамасыз ету үшін айдаһардың зәрін біржола қайыру керек еді. Ұлы қағанның ең басты мұраты да осы болатын.

Бұл кезде бір заманда Батыс Түрік қағанаты, енді Шығыс Дәшті-Қыпшақ атана бастаған, бүгінгі кеңбайтақ Қазақстан шегіндегі туыстас тайпалар одан да ауыр, кіріптар халде, бей-берекет күн кешіп жатқан. Оңтүстік өңір – бүкіл Сыр бойы Хорезм мемлекетінің тікелей билігіне көшкен. Сығнақ, Отырар, Тараз сияқты қалалар Хорезм шегіндегі ірі сауда орталықтары әрі сақара беттегі тірек қамалға айналған, хорезмшах Аладдин 1202 жылы біздің Қарахан ұлысын біржола қиратып, өзінің қатал тәртібін орнатқан; бұрынғы Батыс Түрік қағандығының шегіндегі ең қуатты әрі саны көп қыпшақ руының атымен түгелдей қыпшақ атанған үйсін, дулат, қаңлы, алшын және басқа да рулар Хорезм мемлекетінің зәру-қажетін тек бодандық, алым-салық арқылы ғана емес, тікелей әскер қызметімен де өтеуге тиіс еді. Қаһар әмірші, кейінгі, советтік тарихта айтылғандай мүлде дәрменсіз, дарынсыз емес, жас кезінен-ақ өкімі мен білігін қатарынан танытқан хорезмшах Аладдиннің бір жағы Ауған, бір жағы Хорасан мен Гиракқа жасаған жорықтарында қыпшақ әскерлері үнемі найзаның ұшы болды, сонымен қатар, Қосөзен аралығындағы тыныштықтың да кепілі еді. Мұның бір себебі – қазіргі шахтың анасы, бұрынғы шахтың бәйбішесі, шын мәнісінде бүкіл Хорезмді уысында ұстап отырған қаңлы Түркен-қатын болатын. Отырарды билеуші Иналшық Қайыр хан осы Түркен қатынның туған бауыры еді. Алайда, бүкіл Орталық Азиядағы тежеусіз билікке ұмтылған хорезмшах Аладдин қызметінде жүр екен деп Қыпшақты жетістірген жоқ. Қарауына көшкен Қыпшақтан қауіптенсе, сақарада жатқан, басы еркін Қыпшақты біржола құртып-жоюды ғана ойлады. Сол мақсатпен оқтын-оқтын Шығыс Дәшті-Қыпшақ, яғни бүгінгі Қазақ даласына қанды жорықтар ұйымдастырып тұрды. Соның ең үлкені – 1216 жылы Сары-Арқаны көктей өтіп, Ырғыз, Торғай тарабына жасалған жазалау экспедициясы болды. Хорезмнің қанқұйлы, сансыз әскерінің жорық жолында қаншама халқымыз қырылғаны айтпаса да түсінікті. Бірақ шахтың бар мұраты орындалмады. Керісінше, сағы сынып, қайғы арқалап қайтты. Хорезмнің жүз мың әскері Ырғыз бойында, әлде ордадан бөлінген саяқ меркіттерді қуғындап шыққан, әлде шолғын, барлау мақсатымен озғындаған, ең қисындысы – Шығыс-Дәштіге асығыс көмекке ұмтылған Жошының жиырма мыңдық жасағымен бетпе-бет келеді. Ұзақты күн ұрыста қаптай шапқан жүз –

тастүйін жиырманы еңсеріп әкете алмайды, керісінше, ұрыстың бір сәтінде ортасынан ойылған Хорезм әскері үлкен қырғын табады, қаша ұрысқан шахтың жорық шатыры мен барлық мүкәмалы олжаға кетеді. Ұрыс ертеңіне жалғаспайды, жаудың соғыс тәсілдерін, қауқар-шамасын байыптаған, келесі, ұлы жорықты көңіліне түйген Жошы түн қараңғысында, қосын аялдаған жерде қаншама алаулы от қалдырып, кері шегінеді және мол олжамен Шыңғыс ханның бас ордасына аман-есен барып жетеді.

Бұдан соңғы, Хорезмге қарсы ұлы жорықтың жай-жапсары, сыртқы көрінісі көпке белгілі. Отырардағы бейбіт керуенді талаған, қаншама жазықсыз жанның нахақ қанын төккен, яғни, Шыңғыс ханға ашық соғыс жариялаған хорезмшах Аладдиннің пиғылы белгілі болды. Қатері Қытайдан кем емес екен. Оның үстіне, қалай дегенмен де, қытай өз жерін жайласа, хорезмшах бүкіл батыс өңірдегі қауымға қатер төндіріп тұр. Аяусыз жаныштап, қанын судай ағызып отыр. Сайыпқыран Шыңғыс хан біржола жеңілмесе де, біршама беті қайтып, жуасып қалған қытай майданын Жалайыр Мұқалы ноянға табыстап, Хорезмге қарсы аттануға мәжбүр болды. Ақыры немен тынғаны алыс-жақынға бірдей мағлұм.

Осы орайда біздің Екеу Отырарды алға тарта береді. Ежелден біздікі екен, қазіргісіне және ешкім таласпайды. Бірақ дәл сол сәтте кімнің қолында тұр еді? Біздің советшіл Екеудің бұрнағы бір, қазір ертегіге айналған заманда “Қызыл Армия Киевті (Орелды, Курскіні...) жаудан босатты” дегенді естуі бар ма? Естісе, кімнің қаласы еді, кім қайтарып алды? Отырар кімнің қаласы болса да, Хорезмнің билігінде тұрған. Бұл қаланың әміршісі, ата-тегі кім десеніз де, хорезмшахтың дәргейіндегі кісі болатын. Сондықтан да жазаға тартылды. Қала алынды. Анықтап айтсақ, бостан болды. Азат қылдық. Біз. Біз деген – мына біз, яғни, кейінгі, бүгінгі қазақтың тікелей аталары. Неге біз, неге кейінгі, бүгінгі қазақ десеніз, бұдан бұрынғы бір мақаламызда айтқанбыз, тарихқа әйгі, жұртқа белгілі жағдай, сайыпқыран Шыңғыс ханның жеңімпаз жасағының негізгі бөлігін құраған – Керей, Найман, Жалайыр, Қоңырат, Маңғыт, Қатаған... кейін қазақ деген жұртқа ұйтқы болған аталы рулар еді. Хорезм жорығы басталар-басталмаста Жетісу мен Арқа, Талас пен Сыр бойындағы қарындас қауым тағы қосылды. Шыңғыс хан Отырарды қоршауға алар-алмастан қамал ішіндегі Қараша бек бастаған он мың қыпшақ жауынгері Қайыр ханды тастап, ұлы қағандарына келіп қосылды. Қорған ішінде тума хорезмдік әскер мен Қайыр ханның өзіне етене жасауылдар ғана қалды. Қыпшақтар опасыздық жасаған жоқ, өз ағайындарын тапты. Хорезмшах Аладдин осыдан тоғыз-ақ жыл бұрын халқын қырып, ханын өлтіріп, күшпен басып алған Отырардың шынымен кімдікі екенін әйгіледі. Тек бұл ғана емес. Хорезмдегі ұзақ майдан барысында Самарқанда, Бұқарада, Үргеніште, басқа да қордалы қалалар мен бекіністерде қыпшақ намымен жүрген әскер атаулы түгелдей арам соғыстан бас тартып, Шыңғыс ханға қосылып отырды. Өздерін бодандықта ұстаған, елін талап, жерін тонаған Хорезмге неге қызымет етуі керек? Тегі бір, тілі бір, әдет-ғұрпы ортақ, бір атадан тараған Керей,

Найман, Жалайыр, Қоңырат... – бірге туған жұртпен не үшін соғыспақ? Соғыспаған. Қыпшақ одағының құрамындағы бүкіл түрік қауымы – қаңлы мен қыпшақ, албан мен дулат... бәрі де ұлы қағанның құдыретті туының астына топталды.

Шыңғыс ханның Ежелгі түрік жұртының Батысы мен Шығысын сыртқы жау атаулыдан бостан қылып, қайтадан біріктіруі және бұрынғы-соңғы тарихта болмаған қуатты ұлысқа айналдыруы – Ежелгі Түрік қағандығының қайта тірілуі болатын. Бірақ бар мұрат орнына келуі үшін Батыс Дәшті – берісі Еділ-Жайық, арысы Таң мен Үзе (бүгінгі орысша айтсақ, Дон мен Днепр) бойын, Қара теңіздің жағасынан Дунайдың сағасына дейінгі байырғы түрік қоныстарын түгел ұйыстыру қажет еді. Бұл ұлы мұратты Шыңғыс ханның сүйікті немересі Бату хан жүзеге асырды... Бұдан соңғы ұлы жорықтар – шекараны қамтамасыз ету, келешек ұрпақтың қауіпсіздігі үшін қажет болыпты. Мақсат – жаулау емес, жуасыту. Әйтпесе, Орыстан не қалатын еді, Еуропадан не қалатын еді. Мұның ең нақты дәлелі – бір ұрғаннан аспаған, бет-бетімен жүрген Орыс княздіктерін қойшы, бүкіл Батыс Еуропаның біріккен крестшілерін ту-талақай қылған Бату хан қарауындағы халқын жазы жасыл, қысы жайлы жаңа өлкеге орнықтырмай, ата жұрт Еділ бойын қалады. Түрік-қыпшақ текті қауымның құтты ұйығы, жер ортасы. Сөйтіп, аруақты Алтын Орда – біздің Ежелгі Түрік қағандығынан соңғы ең ұлы мемлекетіміз бой көтерді. Тарихтың қиғаш-қуыт бір кезеңінде Алтын Орда ыдырады. Біздің несібемізге Қазақ Ордасы бұйырыпты. Ең соңғы ханымыз Кенесарының төрт тараптан бірдей опа таппаған азатшыл, жауынгер туы құлаған күні Қазақ Ордасының да күні батыпты. Бірақ қазақтың дәмі біткен жоқ, түтіні өшкен жоқ. Бұдан екі мың жыл бұрын, Ғұн, Түрік заманынан бастау алған рух пен қуат әлсіресе де, мүлде жойылмапты. Сол серпін бізді бүгінгі күнге жеткізген екен.

Айтпақшы, Отырарды талқандаған, жермен-жексен етіп, бүгінгі топырақ төбеге айналдырған – Шыңғыс хан емес. Рас, Шыңғыс хан алды. Соғыспен алған соң, қамал қирады, қала бүлінді. Бірақ тіршілік тоқталмады. Көп ұзамай қайта көтерілді. Алтын Орданың атақты қалаларының бірі болды. Одан Ақсақ Темірге көшті – әлбетте, бейбіт жолмен емес. Ақсақ Темірдің мұрагерлерінен Барақ хан қайырып алды. Барақтан соң Әбілқайырдың билігіне өтті. Одан соң Шәйбанидың. Одан ары Керей мен Жәнібек жеңіп алды... Хақ-Назар ханның өлімінен соң Бұқарлық Абдолла. Абдолладан қайырған – Тәуекел хан... Ақыры, Әз-Тәуке ханның тұсында, 1681-1684 жылдарғы Сайрам соғысы кезінде Ойраттың Ғалдан-Бошұқты ханы біржола қиратты. Міне, білгіңіз келсе! Шын Зор болсаңыз, Ғалдан-Бошұқты ханға арнаңыз өлеңмен испанша, французша жазылмақ трилогия, тетралогияның келесі кітабын!

Советтік отарлық заманда ерлердің ерекше бір сойы шықты. Арзан жарамсақ, көпе-көрнеу жандайшап емес. Терең де байыпты. Тек үлкеннің

айтуымен жүреді. Өзіне бұрғансып отырып, өзгенің ғана көңілін табуды ойлайды. Екі жаққа бірдей жағып, бар мақсатына жетеді. Бұлардың біразы, біразы емес көпшілігі бүгінгі заман үрдісін анық бағамдап, әсіре балшабек, немесе жарым балшабектен жалынды ұлтшылға айналды. Сөйтіп, тағы да көш басына шықты. Енді бір ағайындар, әлде өткенге адалдық, әлде дүние қайта айналып кетпей ме деген қауіп, сылбырлау соғып жатыр. Асса ескі ұрандармен жаңа тұрғыға көтерілмек. Біздің Ешкі жетектеген Екеу бәрімізді де түсініксіз жағдайға қалдырып отыр. Зор бауырға өкпе жоқ – Аралды тұздады, Желтоқсанды құрдымға жіберді, ақындығын атаққа айырбастап, ана тілін тәрік етіп, уақыты өткен басқа тілге көшті – орыс тілін айтпаймын, оқыс жүрісін айтам. Әуел бастан-ақ парасаты мол, Әуезовтің алдынан өтіп, Брежневтің басына су құйған, Горбачевтің өзінің тілін тапқан, Асекем де, Нұрекем де қатты қадір тұтатын, одан да кереметі – бүкіл қазақ бас ұра табынып, бұрынғы-соңғы әлемде болмаған “Адамзаттың Ақыл-Ойы” деген атақ берген (байғұс Ленин, бар болғаны “дүние жүзі пролетариатының” бірдеңесі ғана), сондай да сондай Шоң ағамызға не болды? Бізге төңірек түгел жауығып (жау болмаса да жегісі келіп, әлгі, төрт аяқты Ешкінің кебіне түсіріп) тұрғанда Шыңғыс ханнан басқа “қатер” таппаған ба? Әлде, Шыңғыс ханды тарихтан шығарып тастасам, қалғанын жәукемдеу оңай деп ойлады ма. Осы уақытқа дейін бәрі де оңай оралып жатты ғой. Не істесе де жөнге шықты. Салман Рушдидің баспагері болды, – қалған жұрттың үйін өртеп, өзін атуға кесіп жатқанда бұл кісіге ешкім шәйт демеді, құдай сақтады; Колбинді мадақтады, – ешкім теріс көрмеді, керісінше, атақ-абыройы аса түсті. Енді міне, Шыңғыс хан! Дәндеген қарсақ... емес, қасқырдың өзі жайлы ұя табам деп жүріп пәлеге ұрынуы мүмкін. Ешкі емес, бұғы емес, бөрінің өзі. “Қырсыққанда көжеге тіс сынады” дейді қазақ. Шыңғыс хан Зор бауырым үшін көже болар, ал Шоң ағам үшін... атақ-даңқ бәйгесінің жолын тосқан жалғыз-қазық болып жүрмесін. Ең шебер тоқылған шілтердің өзінің тарқатылар жері бар. Қайран Ағам бекер-ақ кірісті осы іске. Бірақ амал не. Өнбейтін даудың қақ ортасына түскен мылжың мақаламызды ары қарай жалғастырамыз. “Сабасына қарай піспегі” деген ғой. Тымықтағы иірімге ұрынған адамның құрғаққа қайта шығуы қиын екен.

Сонымен, Зор мен Шоңның бүгінгі пәленбай да түгенбай, олағай да бұлағай заманда баяғы, қалай айтсаңыз да өтіп кеткен советтік идеология тұрғысынан толғанып отырғанын көресіз. Біз бұл кісілер тарихты білмейді дедік. Тарих деген – андан, мұндан теріп алған деректер жиынтығы емес. Сол деректердің белгілі бір жүйеге түсіріліп, нақты бір ой елегінен өткізілген көрінісі. Бар кілтпан қандай жүйе, қандай ой дегенге тіреледі. Яғни, шынайы тарихи таным. Шоң мен Зорда дерек бар, – біржақты деректер ғана. Таным да жоқ емес – балшабектік таным. Оның мәнісі – қазіргі мықтылардың айтқанының бәрі дұрыс дегенге саяды. Қазіргі әлсіздің, яғни біздің қазақтың бүгінгісі ғана емес, кешегісінің бәрі теріс. Қазақта тарих болмады, мемлекет болмады, қазақ ешқашан өзін-өзі билеген дербес ел дәрежесіне жете алған жоқ дейді Шоң мен Зор. Рас, дәл

осылай тоқ еткізбеген, қиялап отырып қисынын тапқан. Не айтып отырғанын білмеді дейтіндей, оншама мақау кісілер емес, керісінше, екеуі де даңғыл. Әрі ер, әрі өр. Сондықтан да бүкіл түрік-моңғол халықтарының, оның ішінде бөле-жарып қазақтың соңғы сегіз ғасырлық тарихына үкім айтып отыр. Зор бауырым аса жетік білетін ұлы орыс тілінде әрі қысқа, әрі нұсқа, өзгеше бір сөз бар еді, қазақтың сұрқай, болбыр тіліне көшірсек, “ештеңе де болмаған” дейтін.

Ештеңе болмаған. Қалай болсын. Біз табынып жүрген Шыңғыс хан – адамзат тарихындағы қаралы тұлға – сұмпайы құбыжық екен. Ол құрған мемлекет өзі өле салысымен құлапты. Кейінгі бір жұрттарда билік құрғандар – сол құлап қалған Шыңғыс хан әулеті – “монгольская династия”. Моңғол династиясы, яғни қазақты билеп-төстеген Шыңғыс хан әулеті өздерінің бөтен екенін ешқашан ұмытпаған. Сөйтіп, пәленбай ғасыр бойы қазақты (бұл сорлылардың өз мемлекеті болғаны туралы сөз атымен жоқ) нәсіл, тегі басқа, жат жұрт билеген. Бұл “моңғол династиясын” яғни Шыңғыс әулетін қазақтар аса жек көрген, бірақ билеушілер көпшілік қауымды өздеріне табындырып қойған. Тек моңғол текті төрелер ғана емес, жалпы жұрт ішінде де тегі бөтендердің үлес салмағы бірталай. Рас, бұлардың бәрі де – төресі де, қарасы да бірте-бірте ассимиляцияланып, этникалық қазақтарға айналған, бірақ ешқашан да өздерінің түпкі тегін ұмытқан емес!

Бұған не айтасыз! Адамның аяғы екеу, Ешкінің аяғы төртеу деп дәлелдейміз бе тағы да? Амал жоқ. Қиын болса да қашып кұтыла алмайды екенсіз.

Шоң мен Зор біле ме екен, ешбір елде, ешбір жұртта “таза нәсіл” дегеннің болмайтынын? Арғы-бергі тарихтағы үлкенді-кішілі этностардың қалай құралып, қалыптасатынын? Сірә, білмейді. Сондықтан қайталап айтайық. Бәрі бірдей орыс тіліне көшпегенімен, бұл қазақ деген де homo sapiens – екі аяқты, саналы жан иесі аталатын қауымнан. Яғни, адам қоғамына қатысты, басқа жұрттарға тиесілі заңдар қазаққа да жат емес. Неміс халқы күні кешеге дейін бірінің тілін бірі түсінбеген герман тайпаларының мәдени, саяси және экономикалық ұжымының нәтижесінде ұлт болып ұйысты. Француздар да кельт, роман текті және көршілес герман нәсілді қаншама тайпаның құймасы. Біртұтас халық екендігіне ешкім де күмәнданбайтын итальян жұртының қалай қалыптасқаны да тарихтан мәлім. Славян негізді, фин-угор қоспалы, түрік тұздықты, батпандаған, мысқалдаған тағы қаншама үстемесі бар орыстың жағдайы тіпті айқын. Ағылшын, испан, бұлғар, полон, мажар... – бәрі де дәл бүгінгі кейпінде топ етіп түсе қалмаған. Қазақ та сол сияқты. Бүгінгі Қазақстан және онымен шектес өлкелердегі тектес, туыстас тайпалардың өзара жұғысуы, араласып, сіңісіп, белгілі бір саяси бірлік негізінде орнығуы нәтижесінде ұйысты. Бүгінгі көзі тірі қазақтың бұдан сегіз-тоғыз ғасыр бұрынғы атасы кім болса да, ол – ассимиляцияға түскен әулет өкілі емес, күмәнсіз қазақ. Сегіз ғасыр емес, сексен жыл өтсе де. Егер бүйтіп қаза берсек, нәсіл тазалығы жолындағы ұраншыларымыздың бірінің атасы – қытай, бірінің атасы – сарт болып шықпасына кім кешілдік бере

алады! Алысқа бармай, тақаудағы орысты ғана алайық. Ескіден бүгінге жеткен шежірелердің айтуынша, Лев Толстойдың арғы бабасы – 1353 жылы Неміс жұртынан келген Индрис деген қолбасы екен. Иван Тургеневтің түп атасы – 1450 жыл шамасында Алтын Ордадан ауған Арслан Түргенұғлы. Александр Пушкиннің бергі, жалпыға белгілі зәңгі нағашысын айтпағанда, арғы ата жұрты да немістен, “қайтпас ер” атанған Ратша деген рыцарь. Михаил Лермонтовтың жетінші ғана атасы – тағдырдың айдауымен, Ресейдегі Бұлғак дәуірінде, 1613 жылы Шотландиядан келген Георг Лермонт деген жауынгер. Федор Достоевскийдің арғы тегі – Литвадан. Ресейді сән-сәулетке, күш құдыретке жеткізген жүздеген дворян әулеттерін айтпай-ақ қояйық. Пушкин мен Толстой, Тургенев пен Достоевский таза орыс емес, ассимиляцияланған неміс яки татар деп кім жар салып жүр екен. Орыс екеніне, орыстың асылы екеніне кімнің таласы бар. Енді орыстың патшаларына келсек, тура мың жыл бойы Рюрик әулеті биледі – варяг – Скандинавиядан. Владимир Мономах та, Александр Невский де, Иван Грозный мен Петр Бірінші де осы Рюриктің тұқымы. Бірінші және Екінші Екатеринадан бастап Ресей билігі неміс текті патшаларға көшті. 1917 жылғы Февраль революциясына дейін. Ресейді мәңгі бақи герман нәсілі биледі дегенді кім жазыпты. Сол патшалардың ең сорлысы Соқыр Мекалайдың тегі бөтен еді деп әшкерелеген кісі бар ма. Сұмдық қой. Ешкі жетектеген Екеудің айтуынша, біздің мың жылдық тарихымыз өзіміздікі болмай шықты. Арғы бабасынан бері үнемі Қоңырат қыздарынан туып келе жатқан Қият Шыңғыс ханның нәсілі моңғол ма, түрік пе деген мәселені былай қойғанда, XII ғасырдағы түрік-моңғол тайпаларының ара жігі бүгінгі қазақ пен моңғолдан әлдеқайда жақын. Екіншіден, Шыңғыс хан шүршіт болса да, оның Алтын Орданы негіздеген немере-шөберелері өздерін, ауызекі, сол заман тілімен айтсақ, қыпшақ, кейінгі, ғылыми тілге көшірсек, түрік санаған. Орыс жылнамалары негізінде Алтын Орда деген атаумен тарихқа енген ұлы мемлекетіміз өзін Жошы ұлысы, немесе Қыпшақ ұлысы атағаны белгілі. Кейінгі, Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтары Керей хан мен Жәнібек хан туын көтерген, Кенесары ханмен аяқталған Қазақ Ордасы кімнің жұрты еді деп бас қатырмай-ақ қояйық.

6

Ешкі жетектеген Екеудің тарихи сұхбатында қайталап айтқанның өзіне ауыз былғанатын, айтпаса тағы болмайтын небір сорақы сөздер жүр. Шыңғыс хан әулеті Шоқан Уәлиханов өзінің ата-тегін мазақ қылды, бүгінгі Моңғол ұлысының әскери бас қолбасшысы, яғни Шыңғыс ханның алтын туын ұстап отырған генерал Гуррагча бабасының қаныпезерлігі үшін қазақ жұртынан кешірім сұрады, “Космоформулань” әділетті үкім ретінде бағалады деген дерексіз, қисынсыз ертегілерді айтпағанда, ер-азамат түгілі, от басындағы қатын-қалаштың сыпсыңы көтермейтін қаншама өсек-аяң көйіген. Шыңғыс хан өз әкесі Қият Есугейден емес,

Меркіт Шіледіден туыпты. Шыңғыс ханның өзі – үлкен ұлы Жошының әкесі емес. Жошының әкесі тағы да сол Меркіттердің бірі. Еріксіз сауал: Асыл текті Уәлінің құрсағына болашақ Шыңғыс хан, кемеңгер Бөртенің құрсағына болашақ Жошы хан сәулелі тамшы болып түсерде осы екі қатынның аяғын ұстап Зор, басын құшақтап Шоң тұрған жоқ па екен? Тұрған жоқ. Әлдеқайдан естіген. Мұндай көлденеңнен естіген, дерексіз мағлұмат – өсек деп аталады. Кім туралы қандай өсек айтылмаған. “Кітәби-Қорқытта”: “Баланың кімнен туғанын анасы ғана біледі” деп жазылған. Қазір анасының өзі білмейтін заман. Мен пәлен сағат, пәлен секундта өз әкемнен өз төсегімде жаралдым деп, кім куәлік бере алады. Біздің Зор мен оны қостаған Шоң өте бір әнтек, ұятты іске ұрыныпты. Жарар, өсек емес, шындық болсын. Шыңғыс хан Қият емес, анасының құрсағында он жеті ай жатып туған Меркіт екен. Сол Меркіт қазір қазақтың Он екі Абақ Керейінің бір тармағы болып отыр. Ендеше, Шыңғыс ханымыз Керей болып шығады. Алыстаған жоқ, жақындай түсті. Ура! Енді қуанса, әуелі Керей, содан соң бүкіл Қазақ қуансын.

Жалған куәліктің ең қисынсыз көрінісі – Шыңғыс ханды қазақ жек көрді, оның әулетіне амалсыз мойын ұсынды, бұларды тек санасыз қауым ғана пір тұтты деген байлам. Бұл да баяғы, ақсақты тыңдай қылған советтік лепес. Халық аңыздары, ежелгі әдеби нұсқалар Шыңғыс ханды нұрдан жаралған, садағын сағымға ілдірген деп қасиет тұтады. Санасыз әлдекім емес, бүкіл халық. Сол халықтың ортасынан жарып шыққан ең асыл перзенттері дәріптеген ұлы қағанды. Абай құрметпен атаған. Мұрат арманға балаған. Шәкерім мадақтаған. Ғұмар Қараш Шыңғыс хан есімімен бүкіл алаш жұртына ұран салған. Мағжан мен Сұлтанмахмұт ардақтаған. Енді не қалды? Қалыпты. М.Шаханов деген қарсы көрінеді.

Қарсы болсын. Әр кәллада бір қиял. Әр жұмыста бір амал. Қазіргі қым-қуыт заманда кім не айтпайды. Оң айтсын, теріс айтсын, кімді кім түгендеп жатыр. Бірақ орысша үйренгеннен бері өзін қазақтан озып, әлемдік тұлғаға айналдым деп есептейтін Зордың бар сөзі заң ретінде қабылдануға тиіс екен. Қабылдамағанның бәрі – Қазақстандағы өкімет билігін күшпен басып алу жолында ұйымдасып жатқан халық жаулары. Бұлардың артында тағы біреулер тұр... Өктем зорлықтың да қисыны болушы еді. Зорлық үшін зорлық жасағанды жаңа көріп отырмыз.

Арыстан Толстой өзінің атақты эпопеясында Наполеон Бонапартты жай ғана қаныпезер емес, таяз, ақымақ адам ретінде бейнелейді. Наполеонның басқа болса да ақылсыз болмағаны мәлім. Бірақ өз елінің патриоты суреткерлік парасатын ашуға жеңдіріп, француз императорын сүмірейтіп жібереді. Ал не бүлінді? Одан Наполеон ақымақ болып кеткен жоқ. Толстой да жапа шекпеді. Ұтымды болмаса да, ерекше бір көзқарас. Екеуі де өз орнында қалды. Алып емес, Аласаның өзі әрнені басқаша байыптауы мүмкін. Біздің Зор өзіне ұнамаған әлдебір тұлғаны сөгіп, кемітіп жатса, одан ештеңе бүлінбейді. Өткенге көлеңке, бүгінге зарар деп елемес едік. Әр кәллада... Иә, оны айттық. Бір қиял, бір амал. Бірақ сол қисынсыз қиял – жалпы жұрт үшін неге заң болмайды деп өкірендеген Айқайға ұласса, ол Айқайдың арты бүкіл қазақ қауымын

дәрменсіз сорлы санаған, онсыз да басы қатып отырған Өкіметті бүгінгі аш-арық зиялыларға қарсы айдап салуға тырысқан, кеселі мол, кенеуі жоқ жалалы Амалға ұласса, кеудесінде жаны бар, намысты кісінің наразылық білдірмеуіне жол қалдырмайды. Мәселе Шыңғыс ханның жауыздығында болмай шықты. Бар кілтипан – бүкіл әлемді табындырыпты-мыс Зордың ұлылығында жатыр. Құдай мінсіз, Құран мінсіз деуші едік. Шын мінсіз – “Бірдененің Космоформуласы” деген, Әлемнен өтіп, Ғарышқа кеткен ғажайып шығармада көрінеді. Дарагой Друк, дәл осы арада сіздің өлеңді роман-эпопеяңыз не піри шөм. Сыртын көргендер бар, ішін ашып оқыған ешкім жоқ. Оған біреудің ақшасы жетпейді, біреудің мыйы жетпейді. Сондықтан нео-балшабектерден қазақ тарихын қорғау тарабындағы артық-ауыс сөз атаулының бәрін “Бірдененің Космоформуласына” апарып телу – арзанқолды реклама-шоу ғана. Бір күндік масаттық. Сапасыз сабынның көбігі. Кімге жағам деп жүргенде бар жазу, бар атағыңыз көбік болып кетпесін. Бір үрлегеннен қалмайтын. Қасыңыздағы Шоңға теңесе алмайсыз. Оның көбігі қалыңырақ. Екі рет үрлеу керек. Бәлкім, қатарынан үш рет. Соған сұранып-ақ тұр.

Олай дейтініміз... Жә, абыройлы Ағамыз, әзірше беріден қайырайық.

Қай істің де шебері болады. Бір істің, екі істің. Бар істің емес. Пушкиннің өлеңі бар ғой, шебер етікші турасындағы. Етіктен жоғарылай көрме деген. Бұл сөзді айтқан Пуш-екеңнің өзі етік тіге алмағаны күмәнсіз. Яғни, етікші жаман емес. Пушкин де жақсы. Біздің Шоң ағамыз бен Зор бауырымыз Шыңғыс ханның етігінен өтіп, шалбарын сыпырып, кеудесін жарып, осының бәрі аз болғандай, бас сүйегін талқандап, мыйын микроскопқа түсіріпті. Жарамды ештеңе таппаған. Аққан қан, саудыраған сүйек қана. Жеуге жарамайды деп, түкіріп-түкіріп, лактырып тастай салған. Шыңғыс ханның мүрдесін емес, өткендегі бүкіл қазақ тарихын. Ақындық пен жазушылықтың ең биік шыңына жеткен Шоң мен Зор енді бүкіл Еуразияның тарихын қайта жазып шықпақ болған. Бірақ Шыңғыс хан жаман, қазақтың тарихы өзінікі емес деумен іс бітпейді ғой. Қаныпезер Шыңғыс ханның ақымақ екенін дәлелдеу керек, оның өскен ортасынан бастап, кейінгі әулетіне дейін түгел істен алғысыз қылып шығару керек. Шыңғыс хан “жазу-сызуы жоқ, мәдениеттің ең төменгі сатысында тұрған мешеу халықтан шықты” дейді Шоң ағамыз өзгеше ойшыл кейіппен. “Происходя из народа, не имевшего в то время своей письменности и стоявшего на самой низкой ступени культуры, Чингисхан был лишен всякого образования” (“Начнем с понедельника”, 27.IX.2002). Иә. Жаңа тіліміз оратылмай қалыпты, халқы “мәдениеттің ең төменгі сатысында” ғана тұрған жоқ, өзі де “қандай бір білімнен ада”. Мұнысы рас. Соңғысы. Зооветтехникум бітірмеген, трактордың тіркемесінде отырмаған. Оны аз десеніз, “Ильич шамының” жарығын көрмей кеткен. Осындай терең ой, қапысыз үкім.

Дініміздің егесі, Батыс жұрттарының бірегейі – ағылшын сарапшыларының өзі адамзат тарихындағы бірінші – ең ұлы тұлға деп таныған (Иисус Христос – үшінші, Күнфудзы – төртінші, ал Карл Маркс сексен бірденесінші екен) Мұхамед пайғамбарды, оның туып-өскен

ортасын ауызға алмай-ақ қояйық. Күнә болар. Шыңғыс хан заманында Сіз табынатын Еуропа корольдерінің қайсысы университетте оқыпты? Жалпы, білім деген не нәрсе? Шыңғыс хан – әлем тарихындағы ең ұлы қолбасы. Жай ғана қолбасы емес, ғажайып реформатор, соғыс өнеріндегі теңдесі жоқ стратег. Адамзат қоғамындағы, мемлекеттік құрылым жүйесіндегі ең ұлы саясаткерлердің бірі. Өз ұрпағының болашағы үшін жарым дүниені қайта құрған қайраткер. Осы білім емес пе? Шын білімсіздік – дұшпандарының өзі мойындаған ақиқатты теріске шығару әрекеті дер едік.

Сайыпқыран Шыңғыс ханның өзі сауатсыз болса, халқы – әлемдегі ең төменгі деңгейдегі жабайылар екен. Бұған не айтасыз. Түрік-моңғолдың арғы-бергісін түгендемей-ақ қояйық, сол ғасырдағы “Моңғолдың құпия шежіресі” – Орыста да, Еуропада да жоқ үлкен әдебиеттің өзгеше үлгісі емес пе. Шоң ағамыз табынатын жұрттар қайыңның қабығынан құралған шабата киіп, кендірден ілдебайланған жабу жамылып жүргенде сақтиян етік киіп, басқа кешегін айтпағанда, іштен, жалаңаш етіне бар жарақатқа ем, садақ оғының өзін денеден қайыра суыруға септесетін шым жібек көйлек кесе, бұл – жалпы жұрт, жарақты аламанға тән нәсіп болса, мәдениет кімде? Кімнің болаты берік болды, кімнің садағы серпімді болды? Мәдениет қана емес, ғылым. Әскери ақыл-ой жағына бармай-ақ қояйық. Алып күш өз алдына. Қоңырат пен Жалайырдың, Керей мен Найманның бір кісісі – Сіздер табынған жұрттардың он кісісіне, оны – жүзге, мыңы – түменге бапандай еді. Қалқада Сүбітай бахадүр мен Жебе ноянның жиырма мың әскері Орыс княздерінің сексен мыңдық қалың қолын талқандады; Бату хан Сайыда, Байдар сұлтан Легницада Батыс Еуропаның мұз құрсаңған крестшілерін қирата жеңіп, майдан даласында үйілген көк темірлері ғана қалған. Сондай болған менің аталарым. Шыңғыс ханнан кейінгі Алтын Орданың мәдениеті әлемге таң еді. Шыңғыс ханнан бұрынғы Ұлы Түрік қағандығының сән-салтанатына қазыналы Византияның өзі сұқтанып еді. Енді, құрметті Зор мен Шоң, өз сөздеріңізді өздеріңізге қайтарсақ, арыда не болғанын ұмытып, шын басы айналған кім?

Бізге жат қауымның жаласын жай ғана қайталап шықсаңыздар жартылай кешірімді болар еді. Жамандары мен надандарының сөзін айтам. Әйтпесе, Батыста Шыңғыс хан заманы, Шыңғыс хан мұрасы туралы айтылған қаншама игі сөздер бар. Тым құрса, өздеріңіз келтіріп, өздеріңіз тіксініп отырған нақты дерек – ұлы қағанды адамзаттың соңғы мың жылдықтағы ең ірі тұлғасы ретінде айғақтаған куәліктің өзінің мән-мағнасын байыптамапсыз. Жарар, келіспейді екенсіз. Сондағы дәйектеріңіз... тарихтан тыс екендігін былай қойғанда, көп ретте, өздеріңіз Мен туралы айтқандай, “күлкілі” емес, өткеннен сауатты кез келген студенттің жүзі ұялардай. Ұятты көру де ұят екен.

Бір ғана мысал.

Екеуіңіз қосарлана жарысып, Шыңғыс хан негіздеген “Жасақ” заңын мазақ қылғыларыңыз келіпті. Тарихшы мәртебесінен озып, енді заңгер атанбақсыз. Бір сөзбен айтқанда білгір. Өте қолайсыз жағдайда

қалғансыз, құрметті Шоң аға. Сізге ықыласым түсіп отырғаны, Зор бауырыма дауа жоқ. Сонымен, Екеуіңіз қосылып, “Жасақтың” пошақ-пошағын шығаруға ниет етесіз.

“Жасақ” – адамзаттың саналы тарихындағы, Хаммурапи низамынан берідегі ең ұлы заңдардың бірі. Батыс та, Шығыс та мойындаған. Тек бұл – сталиндік конституция емес. Бәріміз бас қойған брежневтік конституция да емес. Тіпті, әлемге әйгілі “Адам құқықтарының декларациясы” да бола алмайды. Өйткені... сіздерге сөлекет болса да, шынын айтуға тура келеді, әр заманның өз рәсімі бар. Ежелгі Рома құқығының заңдары бір басқа. Ұрымдағы Юстиниан қағидалары бір басқа. Жаныңызға қанша жақын тартсаңыз да, бүгінгі түсінікпен үйлеспейді. Жамандығынан емес, заманының басқалығынан. Өз тарихымызға келсек, Ұлы Түрік қағандығы тұсында “Төре” аталатын заң жүйесі болды. Көлденең деректер арқылы кейбір тармақтарын ғана шамалауға болады. Одан соңғы ұлы заң – Шыңғыс ханның “Жасағы”. Сіз қалай тіксінсеңіз де ұлы мемлекеттің ұйтқысы болды. “Жасақ” Алтын Ордада, Өзбек хан тұсында жаңа жағдай, жаппай мұсылмандық салтына байланысты, біраз жаңғыртылған сияқты. Содан соң Едіге бидің “Төресі” қалыптасты. Ескі негіздегі жаңа низам. Бұл “Төре” қазақтың Қасым ханының “Қасқа жолына” ұласты. Бұдан соң – Есім ханның “Ескі жолы”. “Жасақтың” ең соңғы жаңғырығы – Өз-Тәуке ханның “Жеті жарғысы”. Бұл “Жеті жарғының” тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа қатысты тармақтары Абай заманына дейін қолданылып келді. Яғни, “Жасақ” жаңарған, жаңғырған кейіпте жеті жүз жыл бойы, мемлекеттік жүйе, ел билеу рәсімін айтпағанда, біздің ата-бабаларымыздың моральдық және тұрмыстық дәстүр-салтының негізі ретінде игілікті қызымет атқарды. Енді келіп, асып-тасқаныңыз сондай, әлдебір комедиядағы сияқты “бәлду-бәлду, бәрі өтірік” деп мазақ қылғыңыз келеді. Өзіңіз мазақ болдым деп ойламапсыз. Қайталап айтайық, қандай да болмасын заң – өз заманының көрінісі. Белгілі бір топқа, жүйеге, құрылымға қызымет етеді, белгілі бір ғұрып, тәртіпті бекітеді. Кешегі советтік, бүгінгі жаһандық танымға сәйкес келмейді екен деп, өз кезіндегі маңызын теріске шығару қисынсыз. Соның өзінде студент ұялды деп отырғаным – ерекше жағдай, “Жасақтың” қонақжайлық, жомарттық туралы бір тармағы. “Кім де болса, қолындағы асын қасындағы кісімен бөліспей, жалғыз өзі жеуге тиіс емес... Ешкім де ортақ дастарқанда обырлық жасамасын”. Мұның несі сөлекет? Шоң ағамыз мазақ қылып отырған қағиданың мәнісін таратып айтсақ, жол үстінде болсын, ауыл-үй ішінде болсын азығы бар адам азықсызға қарасуға тиіс. Және дастарқанға отырған жұрт менікі, сенікі демей, барды теңдей үлесуге керек. Жай ғана меймандостық емес, зәру қажеттілік. Дала кең, жол ұзақ. Жұрттың бәрінің бірдей қанжығасы тоқ емес. Және басқа да жағдай. Бүгін сен, ертең ол, барынды бөліп же. Үйде болсын, түзде болсын. Бұл салт көшпенділердің өзгеше тіршілік кебіне орай, тым арыда қалыптасса керек. Шыңғыс хан заңдастырған. Кейінгі қазақ мұны бөлінбес сыбаға, атаусыз енші деген. Қонақжайлық рәсімін бұзған адамға ауыр айып салынған. Замана таңбасы – Шыңғыс хан өлім жазасын

бұйырыпты. Яғни, ешкім де рәсімді бұза алмайды деген сөз. Ал осындай, адамдық санадан туған “өле жегенше бөле же” дәстүрі біздің Екі Кісіге топас надандықтың ғана айғағы болып көрініпті. Орталарындағы мүйізі қарағайдай Ешкіні жан адаммен бөліспей, өздері ғана жемек. Өздері – яғни екеу ара бөлісіп жесе де жөн ғой. Бірі бастап, екіншісі қостаған, “Жасақты” ғана емес, жарым дүниені тәрік еткен мына сөздеріне қарағанда бөлісе алмайды. Әрқайсысы түгімен, бүгімен... өз жағына тартары күмәнсіз.

7

Шыңғыс хан туралы осы, қазір жұрттың бәріне жайсыз, ақыры бәрі үшін абыройсыз әңгіме қайдан шықты? Біз тараптан да, мана еске алынған қазақ комедиясындағы “бәлду-бәлду, бәрі өтірік” деген жалғыз-ақ ауыз сөзбен тәмамдалуға тиіс дау-дамайды отыз-қырық бет бойы сағыздай созып отырған мылжың мақаламыздың, ұмытып қалмасақ, бас жағында айттық қой деймін. Шоң ағамыз бар шатақтың түп негізі өз республикаларының тәуелсіздігін жариялап қана қоймай, оны мейлінше тезірек нығайтуға тырысқан басшыларда жатыр деп біледі. Қанша көпшелегенімен, Шыңғыс хан туралы дау-дамай өзбектен шыққан жоқ – Ақсақ Темірі бар, түркменнен шыққан жоқ – Сапармұраты бар, тәжік соғысып, шаршап тоқтағаны кеше ғана, сірә, “шулайы шулай, айтуға болми” дегендей, бар кілтипан біздің ауылға келіп тірелді. Ал Зордың айтуынша, тіпті де олай емес. Бар дүниенің тетігі – “Бірдененің Космоформуласында” тұр. Осы, әлемнен озған шет тілдік шығармаға көлеңке түсіру үшін, “даңқ жолына көлденең жатып алған” Мағауин деген біреуді қойшы, қызғаншақтар мен іші тарлар тұрыпты, аса қатерлі мемлекеттік төңкеріс ниетіндегі, ата-тегі жат, ішкі жаулардың ойлап тапқан әрекеті. Бұл – ең негізгі екі себеп екен. Бұдан басқасы да толып жатыр.

Ең басты күнәкар – өзінің ата-тегі бөтен екенін ұмытпаған төрелер әулеті дегенді айттық. Содан соң Шыңғыс ханның әр аймаққа отырғызған салық жинаушыларының тұқымы. Бұлардың да түбі шикі, ниеті бұзық. Ол аз болғандай, соңғы жылдарда Моңғолиядан ол жақта Шыңғыс ханға соқыр табыну дәстүрінде тәрбиеленген тағы қаншама репатриант – оралман келіпті, бұлардың ішінде өздерінің бар еңбегін моңғол әміршісіне табыну рухында жазған қаншама оқымысты-тарихшы және жазушы бар... Бұлардың бәрі болмаса да біразы тығыз топ құрып, біздің қоғам үшін қатерлі ахуал қалыптастырып отыр... Осыншама қисынсыз сандыраққа әуелде қайран қаласыз, содан соң күлесіз, содан соң... қаныңыз қайнайды. Ешкінің аяғы екеу емес, үшеу болып кетті. Төртіншісін табу – мүмкін емес, тапсаңыз да біздің Кісілеріміздің ақылына сыймас еді.

Теректе де, бұтақта да шаруа жоқ, әйтеуір гүрсілдете берген. Түстеп біліп, нақты танып ешкімнің де атын ұстай алмайды. Бәрі дорақ, бәрі надан. Ақыры қаншама ысылдап, пысылдап, бір мүскіннің атын атауға

батылдары жетіпті. “Жазушылар одағының хатшысы, “Жұлдыз” журналының бас редакторы Мұхтар Мағауин”. Моңғолдан ауып келген бүлікшілерге тіркесе берілген. Соған қарағанда, қызыметімен ғана танылған, белгісіздеу бұл кісі де арғы беттен келген сияқты. Тап басқан. Нәсілсіз, тексіз, орыс ағайындар “атасын ұмытқан Иван” дейтін әлдекімдер сияқты емес, Мен өзімнің қайдан шыққанымды жақсы білем. Бұрын да жазғам, Менің жауынгер бабаларым бұдан тура жеті жүз сексен үш жыл бұрын, болашақ ұрпақтарым еркін Ел болсын деген ізгі мұрат жолындағы сайыпқыран Шыңғыс ханның алтын туы астында, Ежелгі Түрік қағанатының құтты ұйығы Орхун, Керүлең бойынан шеру тартып, бүкіл даланы буып отырған жыртқыш Хорезмді қирату үшін, арғы бабасы – ғұн, кейінгі бабасы – түріктің талай өткен жорық жолымен Шығыс-Дәштіге келіп жеткен. Мұрат ақын айтқандай, “Шаңдаттырып даласын, – Талқан етіп қаласын” зорлықшыл дұшпанды табанына салған. Өздерімен бірге келген, бүгінгі қазақтың басым көпшілігін құрап отырған аталас ағайынмен, осы аймақта кіріптар күн кешкен, енді азат болған басқа да қарындас қауыммен тізе қоса отырып, Алтын Орда деген ұлы мемлекет құрған... Рас, бір үлкен міні – бүгінгі ұрпақтары сияқты исалмас емес екен, қарсы келген дұшпанды қорқырата бауыздағаны бар, жолдан тайған опасыздың омыртқасын үзгені бар. Одан да үлкен кемшілігі – мана айттық, жаулаған жерін біржола тазартып отыратын Батыстағы жұрттың мейірбан кеңшілігін қабыл көрмеуі. Ақыры міне, атаңды қорлағанды әулие деп таныған күнге жеттік. Мен де кісі болғам деп айтудың өзі қылмыс екен.

Бірақ... сол ұлы бабалардың бір тамшы адал қаны дарыған – жалғыз біз ғана болмасақ керек. Тәуба, “советтік сөзге қаламы мұқалмағандар” әлі күнге дәуірлеп жүрсе де, дәл бүгін олардың қара дегенінің бәрі қарғыс емес. Жүйесіз қарғыс қашанда өз иесін таппақ. Буниннің бір сөзі бар еді, өсіріп, өндеп айтсақ, жазуға отырғанда сана – мұздай салқын, жүйке – темірдей берік болсын деген. Соцреализм күйіп-жанып, елпілдеп-елбіреп отырып жазу керек деп насихаттады. Біз әуелгісін ұстанушы едік. Дәл осы жолы далада қалды. Құтырып кете жаздап отырмыз. Қылышқа жүгінетін заман емес. Ал қылыштан да қиғыр дейтін Сөз – кісісіне ғана өтеді, осының алдындағы мақаламыз сияқты, бұл жолы да құрдымға кетерін біліп отырмыз. Әйтеуір жалпы жұртқа жетер деген үміт.

Жалпы жұрт демекші, біздің Ешкі жетектеген Екеудің айтуынша, бұл халықты бұйдалау тіпті оңай екен. “Адамдардың шамамен 97 пайызы, бәлкім, одан да көбірек бөлігі тобырлық ойлау деңгейінде... Тек қалған үш пайызы ғана өз деңгейінде ойлап, өз білгенімен тірлік ететіндер”. Қайда бұрса сонда жүре беретін бұл 97 - айрықша қауіпті көрінеді. Яғни, біз. Зор бастаған осы сөзді Шоң нақтылай түседі: “кейбір қазақ жазушылары”. Және “надан оқымыстылар.” Яғни, түгел есек жетектегендер. Ал Ешкі жетектеген Екеу – ақылды, данышпан, өз беттерімен ой қорыта алатын үш пайыздың өкілдері. Паһ, паһ! Бірақ дәл осы, біз 1986 жылдан бері ұмыта бастаған пайыздық санамен (Зор жетік білетін ұлы орыс тіліне көшірсек, “процентомания”) әлгі тоқсан жеті

келісе қояр ма екен. Мүмкін, тоқсан бес шығар, сонда біздің де, бәріміз болмаса да кейбіріміз “саналы топтың” соңына ілініп қалармыз. Жоқ. Тоқсан емес, сексен болса да дәл осы Тарихи Сұхбатты бетке ұстаған кісілеріміз ерекше санатқа ілінбес еді. Яғни, мәселе пайызда емес. Сіз бен Бізде де емес. Теріс танымда. Данышпандардың сирек туатыны емес. Жақсының өзі аз. Бар кілтипан – нені жақсы, нені жаман деп тануда. Шыңғыс хан жаман. Өйткені Орысқа ұнамаған. Сол Орыстың өзі дәл бүгін көп жағдайды басқаша бағалап отырғаны есепке алынбайды. Қалыптасқан, тас болып құйылған советтік сананы өзгерту мүмкін емес екен.

Біз өкпелеп, ренжіп отырмыз, тоқсан жеті пайызға риза емеспіз деп. Біз – қазақтар. Оның ішінде “Шыңғыс хан індетіне” шалынған, “қаны сырқат”, “санасы кемшін” надандар. Тәуба айту керек екен. Шоң ағамның байыбынша, жүз пайызы тұтасымен әлгіндей... жұрт та бар екен. Ол – өзін Шыңғыс ханның мұрагеріміз деп отырған бүгінгі моңғол халқы. Бұл моңғолдар Шыңғыс ханды біздің ұлттық мемлекетіміздің негізін салушы деп, ұлы бабамыз деп жай ғана айтып қоймаған, осы жақында ғана дүрілдетіп, 840 жылдық тойын өткізіпті, Шыңғыс ханның атымен ең басты мемлекеттік орденін белгілепті, енді, соның бәрі аз болғандай, астана байтағының қақ ортасында ғаламат алып ескерткіш орнатпақ. Бұл не сұмдық! Сондай жауызды, адамдық қасиеттен жұрдай махұлықты осыншама көтермелеудің себебі неде? Шынында да. Біздегідей түбі шикілері жоқ, ауып келгендері жоқ, ел билігі де өз қолдарында. Не ғажап? Қанымызға қанша тартсақ та амалсыз мойындауға тура келеді, бар әңгімені бастап, дәл осы Шыңғыс ханға қарсы жорықта жетекші болып отырған біздің Зор мұндай терең сырдың тетігін таба алмас еді. Қанша тыпырласа да. Ал көргені көп Шоң ағама оп-оңай екен. Солқ еткізіп тастай салады. Тас төбеден. Шыңғыс ханның кім екенін, кім дегенде, тарихта болмаған сұмпайы, жай ғана жауыз емес, бар жауыздың озығы, жер бетіндегі тажал, ібіліс, шайтан... екенін түсініп жетердей мый... Моңғолда жоқ! Және тақаудағы бірер жүз жылда болмайды! Сенесіз бе, осындай ғаламат жаңалыққа? Біз ойлап тапқамыз жоқ. Міне, “Адамзаттың Ақыл-ой Алыбы” айтқан сөз, нақпа нақ орысшасы: “Нужны еще десятки, сотни лет, чтобы общественное сознание в Монголии изменилось, пройдя через чистилище нравственного самоосмысления и самопокаяния.” Тағы да ақталып айтайық, біз құраған сөз емес, қараңыз – “Начнем с понедельника”, 20.IX.2002. Біз ең толық, негізгі деп отырған басылымның өзінде жансақ кетуі мүмкін ғой, басқа ақпарат көздерін де куәға тартайық: “Труд” (Москва), 18.VII.2002; “Новое поколение”, 28.VI.2002; “Жас алаш”, 17.VIII.2002. Мана айттық, тағы қайда жайылып жатқанын бір құдайым білсін. “Жас Алаштың” аудармасын келтіре кетейік: “Моңғолиядағы қоғамдық сананың өзгеріп, адамгершілік тұрғыдан өзін өзі түсіну және тәубеге келу сүзгісінен тазалануы үшін әлі ондаған, жүздеген жылдар керек”. Ой, мың болғыр, рақмет. Шоңға емес, “Жас алаштың” аудармашысына айтып отырмыз. “Өнер – жастан” демекші, нақпа-нақ жеткізген. Зор бауырымыз М.Шаханов соншама мадақтап

айтқандай, “Бар кезде де “Мен”, “Мен” деген, “Мен” деген” мына Менің өзім дәл осыншама шебер қалыптай алмас едім. Салыстырып қараңыз. Менің әуелгі айтқаным әншейін нәрсе болып қалды. Мый деген не. Жақсы көрген кезінде “мыйың жоқ” деп туған балаңа да ұрса бересің. Десе де, түпнұсқадан сәл ауытқып кеткеніміз үшін кешірім сұраймыз. Мый емес. Одан гөрі күштірек. Сана! Жай ғана сана емес, қоғамдық сана! Жалғыз қоғамдық сана ғана емес. Адамгершілік! Және тәуба. Соның бірін сабын, бірін суға айналдырып, жақсылап тұрып жуыну керек (намеқ непонятен – дәл осы арасына біздің мыйымыз жетіңкіремей қалды, бірақ уақа емес, бәлкім басқалар түсінер). Ең қиыны ол емес. Жаңағы, тек Батыс жұртына ғана тән өзгеше игілікке жету үшін... әлі де жүздеген жылдар керек екен. Ең ауыры осы болды.

Тағы да, осымен жүзінші мәрте, баяғы Ешкінің аяғы төртеу екендігін дәлелдеу керек пе? Одан не шығады? Май шықса, аталы сөзді түпнұсқада тағы бір рет оқып көрейік: “Нужны еще десятки, сотни лет, чтобы...” Құрысын. Тазартпай-ақ қойдық. Осындай терең түйін түйген Асыл Ағамыздың санасын. Тазармайды, түзелмейді. Тек жалғыз-ақ дәрменсіз кеңес айтар едік. Аға-еке, Сіз бүкіл Әлемнің төбесінен қарап тұрған Тұлғасыз, бар назарыңыз бізге ауып кетпесін. Анау француздар Наполеонды қастерлейді, әлгі орыстар Петр Біріншіні көтереді, немістер Ұлы Фридрих пен Бисмаркты, ағылшындар Нельсон мен Веллингтонды; Еуропа тарихындағы пәленбай, түгенбай деген патшалар мен колбасыларды санап біте алмайсыз, – бәрі де қан төккен, бәрі де өз жұртында айрықша құрметте, сонда деймін-ау, неміс пен ағылшын, француз бен орыста да мый болмағаны ма? Алыстағыны айтамыз, жақындағы ағайындар ше – сіз Шыңғыс ханға қимай жүрген ескерткішті өзбектер Ташкеннің қақ ортасында Ақсақ Темірге орнатып қойыпты. Сонда немене, олардың мыйы толығырақ па? Сұрап көріңізші? Сұрай алмайсыз. Өйткені... ағылшын мен орыс тұрыпты, өзбектің өзі мыйың бар ма деген күмәнді сұрақ қойған сабаздың өзінің мыйын аузына түсіреді. Ал қазақ немене, онсыз да қалбалақтап отыр. Моңғол да бар жағынан алғанда солардың ағайыны. Жуас түйе жүндеуге жақсы. Оңай олжа тауып, әлгі мықтылардың алдында еркін ойлы қайраткер болып көрінгенге не жетсін. Бірақ Аға-еке, Сіз Жазушылықтан озып, Дипломатиялық қызыметте жүрген адамсыз. Дәл осы жерде аз-маз түйсік... ә-ә... ке-кешіріңіз... аз-маз сақтық керек еді. Ептеп, сыпайылап дегендей... Әйтпесе кім біледі. Атасының басына сабындамай су құйып жатқанда да “Уа, Адамзаттың Алыбы!..” деп еміреніп отыра беретін маңқа қазақ емес, аяқ астынан тарпаңдай тулап жүрсе... Рас, артта қалған Азия, Азияның өзінің анандай... “ең мешеу, надан аймағы”, ештеңе бүлінбес, әйткенмен саясаткер Дипломат, елдестірмек Елші атыңызға ыңғайсыздау нәрсе. Қазақта М.Шахановтай оққағар серігіңіз болса, ол тараптағы Гуррагча доспын деп жүрген досыңыздың өзін танымайтын сияқты, ешқандай арашаға жарамасы анық. Әй, бекер-ақ іліндіңіз осы бір іске. Жаным ашиды.

Бірақ не шара. Біз де еріксіз ілініп қалыппыз. Ары қарай жалғастырамыз. Амалсыздан.

Амалсызы – біздің арғы-бергімізді түгел мансұқ етіпсіз. Соның біразын айттық. Алайда Ешкінің төрт аяғын түгендеп біту мүмкін емес. Үшінші аяққа жаңа жеттік. Бұл бетімізбен кете берсек, “әлі де ондаған, жүздеген жыл...” емес, тұтас бір кітап, бірнеше кітап жазып шығуға тура келер еді. Қажеті не. Ешкінің аяғы төртеу! Оны неше кісі жетектесе де, әрқайсысында екі аяқ қана бар! Яғни, өтпелі дүниедегі өлмелі пенде. Құдайға сенгеніміз де, сенбегеніміз де арғы бетке аттанамыз. Жарты ғаламға өкім жүргізген сайыпқыран Шыңғыс хан да ажалға ем таппаған. Шыңғыс ханнан да Зор, Шыңғыс ханнан да Шоң, Қылыштың жүзімен емес, Сөзінің күшімен бүкіл әлемді (қазақтың әлгі 97 пайызынан басқасын) табындырып отырған Екеу бір қисынын таппаса. “Ғұламаның” тілімен айтқанда, “Бәрі өткінші, бәрі пәс!”

Сонымен қоя салуға да болар еді. Бірақ бар тіршілік бізбен бітпейді. Ордалы жұртың бар. Өткендегінің бәрі сенің бабаң, кейінгінің бәрі сенің балаң. Ұрпағың. Сайыпқыран Шыңғыс хан сол ұрпағының болашағы үшін от кешті. Біздікі – өз бойымызға шақ, тас та жармайтын, бас та жармайтын, мүмкін болса, соңғы жүз елу жыл бойы құлдық қамытымен күн кешіп, қалжыраған халқымыздың рухын демдеуге септесетін қалтырауық сөз ғана. Қалтырауық болатыны – “Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел” деген Абай заманы кеңшілік екен, біздің тыңдаушымыз түзелген, керек десеніз, тоқсан жеті пайызы саналы, тек сөз түзелмеген – менің Зор бауырым жақтап отырған үш пайыздың баяғы советтік соқыр сенімнен арыла алмай жатқанының кеселі. Әйтпесе, айдың-күннің аманында “Абылайды аластайық!” – деген сарындағы қоңысты дабыр көтерілер ме еді. “Абылайды аластайық!” Жаңылыс жазғамыз жоқ. Шыңғыс хан емес, Абылай. Шыңғыс хан заманы ғана емес, одан бергі алты ғасырлық, сегіз ғасырлық тарихымыз толайымен. Неге десеніз... тағы да Ешкінің төрт аяғын түгендейік. Дау-дамайсыз-ақ қажып отырған жұртымыз мүлде безіп кетпес үшін басынан бастап, төртке дейін санамай, қақ ортасынан түсіп, бұрнағы бір жазбаларымыздағы кейбір тұжырымдарды ғана қайталаймыз. “Қазақ тарихының әліппесі” (1993) кітабынан, “Шыңғыс ханның шарапаты” (2002) атты мақаладан – Мұхтар Мағауин, “Шығармалар жинағының” XI, XIII томдары. Былай деппіз:

“Шыңғыс хан Ұлы Түрік қағандығының Шығыс Ордасы құлағаннан соң екі жүз жылдан кейін қайтадан ес жиған, тағы бір жүз жылда күш-қуаты қалпына келген, бірақ әр ру жеке патшалық құрып, басы бірікпей тұрған көшпенді түрік-моңғол жұртын бір орталыққа ұйыстырып, қуатты жаңа ұлыс құрды. Бұл – шын мәнісінде Ежелгі Түрік қағанатының қайта тууы болатын.

Нәтижесінде, Шыңғыс хан Шығыстағы түрік қауымын сақтап қана қалған жоқ, бүкіл Даланың болашағын қамтамасыз етті. Ең алдымен, кеше ғана қағанатты тоздырған, енді Ұлы қорғаннан шығып, қалған

қауымды жалмап жеуге тиіс, онымен ғана тоқтамай, Батыс өңірге аяқ салары күмәнсіз Қытай экспансиясын тура бес жүз елу жылға тоқтатты.”

“Сөйтіп, өзінің бүгінгі жұрты, болашақ ұрпағы үшін Шығыста Қытайды тыныштандырса... Түстікте бүкіл Дәшті-Қыпшақтың тажалы болып отырған Хорезмді қиратты. Әлбетте, қай замандағы соғыстың да өз заңы, ауыр зардабы бар. Және бүгінгі, отарлық, құлдық санадан бастау алған “интернационалдық” шалағай қағидалар өткен тарихқа жүрмейді. Әлде, басқаның қаласы қирамас үшін өзіңнің Далаңды ойрандатып, бар халқыңды құрбанға беруің керек пе еді?..”

“Арыстан бабалар ежелгі дәстүр жөні, Шыңғыс хан нұсқаған үлгі бойынша, ең алдымен өз Ұлысының мүддесін алға қойды. Ұрпағы үшін қан төкті. Ақылы мен қажыр-қайратын халқының игілігіне жұмсады. Осы қайрат пен ұлағаттың Шыңғыс хан жорықтарынан кейінгі ең бір айқын көрінісі ретінде біздің ұлы мемлекетіміз – тарихта Қыпшақ ұлысы атанған Алтын Орда құрылды. Күш-қуаты әлемді тітіретті, сән-салтанаты жиһанға жар болды. Тауарихтың тағы бір толқынында Ежелгі Түрік қағандығының, одан соңғы Шыңғыс хан ұлысының, оған жалғас Алтын Орданың тікелей мұрагері – Қазақ Ордасы бой көтерді. Шыңғыс хан қалыптастырған мемлекеттік жүйе, жарғы, жоралар ізімен. (Даукес ағайындардың құлағына күміс сырға – Московиядан бастау алған Орыс мемлекетінің өзі Шыңғыс хан үлгісімен құрылған болатын.) Бүгінгі қазақ халқының жер бетінен өшіп кетпей, ел болып, жұрт болып отыруы – дүние қайта бұзылған алағай-бұлағай заманда дербес ту көтеріп шыққан осы, Қазақ Ордасы дейтін мемлекеттің арқасы. Ал Қазақ Ордасының негізін салған Керей мен Жәнібек – сол Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы болатын...”

“Қазақ Ордасы құрылғанда алдымен жасы үлкен Керей ақ киізге хан көтеріліпті. Одан соң Жәнібек хан әмір жүргізеді...”

Жәнібектің қазақ тарихындағы айрықша тұлға екендігінің бір белгісі – ол халық санасында әулиеге парапар, ақылды әрі әділетті әмірші ретінде таңбаланған, ұлттық тарихымызда жай ғана Жәнібек хан деп аталмайды, Әз-Жәнібек хан деп аталады. Әз-Жәнібек – қазақ жұртының іргесін бекітіп, ордасын орнықтырған ұлы хан ғана емес, сол халықтың бар игілігіне ұйытқы болған асыл ұрық, ұлы әулеттің де негізін салушы. Қазақ Ордасының құдыретті әміршілері, қазақ халқының ұлы перзенттері: Қасым хан, Хақ-Назар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Әз-Тәуке хан, Абылай хан, ең соңы Кенесары хан, ұлы ғалымымыз Шоқан, Алаш-Орда көсемі Әлихан Бөкейхан – барлығы да осы әулие Әз-Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары.

Түрік жұртының бұған дейінгі мың жылдық тарихында сыннан өткен жол-жора, қалыптасқан жүйе негізінде соңғы екі жарым ғасыр орайында ер халықтың, мәрт халықтың жиын ортасынан жарып шыққан, бар тілегі туған елінің мұратымен берік астасқан асыл тұқым – Шыңғыс хан – Жошы хан – Орыс хан – Әз-Жәнібек хан әулеті өз жұртын тарихтың барлық қиын өткелінен аман алып өтті, Қазақ Ордасы деп аталатын байтақ та қуатты ұлыстың туын берік ұстады...”

“Қазақ Ордасының хандары өздерін көкке көтерген, ауыр міндет арқалатып, сенім білдірген халқына қаяусыз қызымет етті. Қажыр-қайратын аямады, жаннан кешті, қанын төкті, туған елінің мерейінен бөтен мұраты болған жоқ...”

Яғни, қазақ жұртының соңғы сегіз ғасырлық тарихын Шыңғыс хансыз елестету мүмкін емес. Ұлы қағанның мәңгілік шарапаты туралы кейінгі мақаламызда: “Егер Шыңғыс хан болмаса, қазақ деген халық та жаңа ұлыс құрамында біржола ұйысып, үсті бейіш, асты кеніш, осыншама ұлан-байтақ жердің бірден-бір қожасына айналып, бүгінгі күніне жете алмас еді” – деп жазғанбыз. Осымен тоқтасақ керек еді. Тоқтай алмадық. “Иесін таппаған сөз – жетім” деген осы. Бірақ біздің сөздің иесі – мейманасы тасыған, дау мен даңқ жолында аруақтан аттап, құдайын ұмытқан екі-үш кісі емес, талығып тұрса да тәубасынан жаңылмаған, бұдан да қиын күндерде ата-баба жолынан айнымаған қалың қазақ.

9

Шоң ағамыз әлгі Тарихи Сұхбатта “покаяние”, “самопокаяние” деген сөздерді әлденеше мәрте қолданыпты. Кешу сұрау, тәубаға келу. Жеке адамдар ғана емес, бүкіл халық болып. Немесе бүкіл бір жұрт, қауым атынан. Үлгілі мысал ретінде Рома попесі (Рим папасы) аталады. Қазіргі Герман бундестагы аталады. Жаңылмасақ, биік мәртебелі дінбасының кешу-тәубасы – өткен әлемдік соғыстағы жойыт геноцидіне қатысты. Алты миллион жойыт нәсілдік тазарту құрбаны болды. Ауыр қылмыс. Қалай айтса да сияды. Бундестаг шешімі де осы, Батыс жұрттары ұйымдастырған әлемдік қасаптағы нәсілдік және әскери қылмыстарға қатысты. Бәрі жөн. Енді қараңыз. Бүкіл жер жиһанның төбесінен қарап отырған Шоң Алыптың байыбынша, мұндай ізгі, игі ниет – мана айттық, Шыңғыс ханды асқақтатып жатқан бүгінгі моңғолдың өңі түгілі түсіне кірмеген, және таяудағы бірнеше жүз жылда ешқандай үміт жоқ. Үміт – моңғол жұртындай тұтас жүз пайызы емес, небәрі тоқсан жеті пайызы ғана санасыз қазақта тұрған сияқты. Рас, ғалымдары надан, жазушылары рушылдық ыңғайында, тар өрісті, бірақ әлгі, өз бетімен ойлай алатын үш пайыз кім не айтса соның соңынан шұбыра беретін тобырды жөнге түсіруге мүмкін; сөйтіп, бұл қазақ бұрынғы тирандардың ауыр қылмыстары үшін жалпы жұрт болып кешу сұрап, тәубаға келсе, бүгінгі дертті қоғам сауығып, қаныпезер бабалары үшін күнәға белшесінен батып отырған қауым – жекелеген бір кісілер емес, тіпті, манағы көрсоқыр тоқсан жеті пайыз да емес, жер басып жүрген бар қазақ ар-ұяты ағарып, кір-қоңыстан тазарып шыға берер еді. Қойыңыз, мүмкін емес дейсіз Сіз. Маған. Адамзаттың Алыбы, Жер жиһанның жарық күні, мұндай... ә-ә... мұндай бірдеңе сөзді айтуы мүмкін емес. Сіз сәл-пәл қызып кетіп, ойдан үстемелеп отырсыз. Үстемелеп жібергеніміз рас – бүкіл қазақ қоғамы сырқат деген сөзді айтқан – Шоң емес, Зор; нақпа-нақ қайталасақ – “... это – один из признаков духовной деградации нашего общества!” – біздің қоғамның рухани азғындауының бір белгісі! – басқа белгілерін кейін

айтпақ. Енді Адамзаттың Алыбының өз сөзі: “Желание же некоторых руководителей постсоветских республик как можно быстрее...” Бұл емес екен. Мұны айтқанбыз. Тек өкпеміз бар – Шыңғыс ханды көтеріп отырған – өзбек емес, түркмен емес, біз, біз ғой, ендеше қазақ басшысын “некоторый” – әлдебір деп елеусіз кейіпке түсіруге тырысқаны – әділдікке жатпайды, иә, мұны да айтқанбыз. “Сегодня некоторые невежественные ученые пытаются убедить...” Елки-палки! Тағы да “некоторые!” Аруақты Шыңғыс ханнан қорықпағанда несіне тайсақтап отыр. Айтпай-ма, қақ төбеден тоңқ еткізіп манағы сөзді. Әлде, бұл да дипломатия ма, моңғолға келгенде ұмыт қалған. Қанша дегенмен қазақ – қатар отырған жұрт. Иә. Міне, таптық. Мұнда да... “некоторые” емес, “отдельные”, бірақ біз естіген орысша бойынша мән-мағнасы шамалас. Сонымен Сізді ынтықтырған пассаж (тереңдігіне сай тебіренісі мол басқа бір сөз таппадық, манағы үш пайыздан үмітіңіз болса, Ожеговтың “Орыс тілі сөздігіне” қараңыз: “1. Қарама-қайшы екі есігі бар...” және басқа да бұқпа-қалтарысы көп әлдебір сауда үйі; “2. Шалқыма әуезді музыкалық шығарманың бір үзiгi; 3...” Иә, біздің іздегеніміз – осы, үшіншіге жақын келеді. “Странный и неожиданный случай (устар.)”. “Ескіргені” сенімсіздеу екен... Бұдан әрі нақты мысал түріндегі айғақтама: “Какой смешной п.” Біз күле алмадық. Біздің Шыңғыс хан туралы мақаламызды оқығанда күлген – Зор бауырымыз ғой: “Мухтар Магауин опубликовал ошеломляющую статью... Он, опускаясь до смешного...” тағы тағылар). Сонымен қалай ұқсаңыз да, мынандай пассаж, Екеуін бөле жармасақ та, дәл осы ретте Шоңның аузынан шыққан лепес:

“И мне совершенно непонятна позиция отдельных писателей и ученых Казахстана, подвергающих сомнению и стремящихся низложить гуманистические воззрения современной цивилизации, в угоду сомнительным узкокорыстным родоплеменным интересам, не понимая, что всеобщее покаяние за преступления былых тиранов, подобно Германии, способно намного быстрее оздоровить общество, очистить нравственную совесть каждого человека. Поэтому совершенно абсурдно...” т.т.

Шын абсурд осы емес пе! Десе де, қазақшасын ұмытпайық. Осы бір істің әуелгі жаршысы “Жас Алаш” бойынша: “Маған Қазақстанның кейбір ғалымдары мен жазушыларының күмәнді ру-тайпалық мақсаттарға бола заманауи өркениеттің гуманистік сипатына шәк келтіретіні түсініксіз.” (Нүкте. Нүкте емес, үтір қойылуы керек еді, бір сөйлем екіге бөлініп кеткен, бірақ Ұлының ұлағатты сөзіне нұқсан келмеген сияқты, аударма жатық, нақпа-нақ, десе де, өкпе болмас үшін нүктені үтірге көшіреміз; сонымен...) “... түсініксіз, шамасы, Германия секілді, бағзы тирандардың қылмыстары үшін жаппай кешірім өтіну мен тәубеге келудің қоғамды сауықтыруға, әр адамның ар-өжданын тазартуға үлкен септігі тиетінін олар әлі бағамдап үлгермесе керек.”

Бұған не дейсіз! Біздің шолақ ой, топас түйсігіміз айтады: әркім өзінің әлін білуі керек, яғни, түсінбеген (сырын білмеген) аттың сыртынан жүрменіз! Одной левой уложить етуі мүмкін. Екіншіден, сол тазаруды...

артынан айтамыз. Біз бағамдамасақ, біздегі жалбақайлар қазақ-қырғызға ортақ деп жабысып жүрген (өзінің арқа тұтар кісісі жоқтай) Сіз барсыз! Адамзаттың Алыбы. Өздерін Ел қылған, Жұрт қылған аруақты бабаларын балағаттауға біздің санамыз “тақаудағы ондаған, тіпті жүздеген жылдарда”, керек десеңіз, ешқашан да жетпейді. Саналы жұрттарға неге ақыл айтпайсыз? Ромада қалтылдап отырған попе ақсақал бар дүниенің кемтігін бір өзі толтыра ала ма. Жалғыз Бундестаг – бүкіләлемдік парламент емес қой. Толтырғанның, жеткергеннің өзінде бұл – өткендегі елу-алпыс жылды ғана қамтиды, онда да бар сұмдықты емес. Оны қояйық. Біреулердің көңіліне келіп қалар. Өзіңіз толғап отырған арғы заман. Батыс жарты шардағы қос құрылық, түстік жарты шардағы оқшау құрылық, Мұхитстандағы жүздеген арал – Жарым Дүниені жергілікті халқынан біржола тазартып, мәңгілікке бауырына басқан кім? Испандар, португалдар, ағылшындар мен француздар және басқа да ақ жүзді Еуропалық нәсіл. Ендеше, ең алдымен солар кешірім сұрасын. Осылай деп, дәл бізге көрсеткен мінезбен әкірендеп, тыжырынып, жиреніп, көсемсіп емес, жай ғана сыпайылап, жадағайлап, ептеп айта аласыз ба? Жоқ! Жетпіс жыл ғұмыр жалтақтаумен өтті, енді шау тартқан шақта тыныштық керек. Күштінің арты түгілі, артық желінің өзі диірмен тартады. Бірақ, Шоң ағасы, Күштің өлшемі де, сыр-сыпаты да әрқилы болады. Қазақ бар заманда жақын жұрағатты ғана емес, алыстағы, бөтен елдің азаматының өзін сыйлаған. Сыйлағанды білмесе басқа бір сыбаға тартқан. Сіз надан оқымыстылары мен рушыл жазушылары ғана емес, бүкіл қазақ халқын түсінбейді, білмейді екенсіз. Міне, алпыс жыл бойы қазақ әдебиетін абыройлы ақсақалынан жаңа қылтиған жас баласына дейін түбін түсіріп оқып келе жатсаңыз да. Әлденендей бір сұрау болады деп ойламапсыз. Хош. Ол – басқа әңгіме.

Арғы тарихты, басқа жұрттың төлемін шегере тұрып, беріге, өзімізге қарай ойыссақ, күні кеше ғана, шалқып, толқып жатқан Қазақ даласында 1932-1933 жылғы жаппай қырғын, байырғы жұртының үштен екісіне жуығы жер жастанған жоспарлы геноцид үшін кім кешірім сұрауы керек? Жаңа, отарлық заманда қазақты қайта көтерген Алаш арыстарының қаны кімнің мойнында? Отаршылдыққа қарсы күрес кезіндегі мың сан шәйіттің төлеуі кімнен? Батыс жұрттарының өзара олжа бөліс майданына еріксіз айдалып барып, бүкіл Еуропаға сүйегі шашылған азаматтарымыздың орнын кім толтырып береді? Бізді өз заманындағы саны да мол, кеудесі де зор ұлы халық қатарынан шығарып, бүгінгі мүсәпір халге келтірген кім? Жұртымыздың басынан соңғы жүз елу жылда өткен, осыншама зорлық, соншама қылмыс үшін бізден кім кешу сұрайды? Бүкіл әлемге билік етем деп жүріп, өзі де ойсырай қырылған, енді қажып, талығып, бағы қайтқан қазіргі Орыс халқы ма? Ресейдің бүгінгі әміршісі, алақандай Шешенстаннан сағы сынып отырған Путин мен Мемлекеттік Дума ма? Әлде, дүниені теңселткен күш-қуаты сарқылып, өзі де қауқарсыз кепке түскен қылмысты партияның қазіргі көсемі Зюганов па? Қайсы болса да қанағат тұтамыз. Бар беделіңізді салып, сол шіркіндерді бізден кешірім сұрауға көндіріңіз. Сөйтіп, бізді ғана емес, Сізді де тежеусіз билеп,

қаншама күнәға батқан ұлы халық бар қоқысынан арылып, бір көтеріліп қалсын. Мәртебесі бізге, сауабы Сізге.

Әйтпесе... яғни бүкіл ағылшын-сакс, роман, герман нәсілді барлық қауым бұдан неше ғасыр бұрын түтіні өшіп, топырағы желге ұшып кеткен мың-миллион бақытсыз халықты “всеобщее покаяние” арқылы қайтадан тірілтіп бергенге дейін, ал славян нәсілі тағы да сол “всеобщее покаяниенің” сиқырлы күшімен, бүгін кем дегенде жиырма бес миллионға жетіп, бүкіл даланы кернеп, қуатты мемлекет болып отыруға тиіс қазақты ежелгі сабасына қайта толтырып бергенге дейін... тақаудағы ондаған емес, бірнеше жүз жылда ешкімнен де кешу сұрай алмаймыз. Тіпті, санамыз жетіліп, үш пайыздан озып, бес пайызға көтеріліп кетсе де. Ұзын сөздің қысқасы, соц.реализм әдісі ғана емес, совет өкіметінің өзі де баяғыда адыра қалған. Коммунизм дәуіріндегі демагогияны қоятын уақыт болды.

Яғни, Сіз айтқан жорамен, өткен тарихымыздан бас тартып, Екеуіңіз ұсынған кірлі легенді басымызға төңкере алмаймыз. Көктен түскен сөзіңіз өтпеді. Еліктер үлгі болмай тұр.

Ендеше... Өзіңіз! Бізге де етене Манас атаңыз қаншама қан төкті. Қоқи! Омай! Шыңғыс хан астар емес. Ұлы қаған, қалай айтсаңыз да, темір түмендері арқылы жүзеге асырды ғой аяусыз қырғынды. Өз қолымен аттандырғаны – бәлкім екі кісі, бәлкім бес кісі. Ал Арыстан Манас, қырық Шорасын айтпағанда, жалғыз өзі-ақ жарым дүниені қанға бөктірді. Неткен жауыздық! Әлім жетті екен деп әйтеуір қыра берген. Енді осы Манас үшін жер әлемнен кешірім сұрауға... қалайсыз? Жарар, Шоқан мадақтаған, Мұхаң байыптаған, өзіңіз де тоқсан жеті пайыз (Мен қазақ пен қырғызды теңдей көрем, тоқсан бес, сексен жеті деп, ағайын жұртты кеміту күнә болар еді), ә-әә... жалпы дүрмекпен атаңызды көтермелеп кеткен жеріңіз бар, батыр Манастың ашуы қатты, алысырақ тұрайық.

Өзіңнен баста! “Перестройканы”, яғни бәрін қайта жаңғыртуды өзіңнен баста деген Мыйсыз Мекайыл патша. Басқасы қате болса да дәл осы сөзі дұрыс еді. Дұрыс болатыны – ежелден қалған ескі сөз. “Перестройка” емес, өзіңе абай бол деген сөз. Сіз айтып отырған “покаяние”. Біздіңше иман, тауфик.

“А, құдай, күнәмді өшір, сауапқа жаз!..”

Шәкерім айтқан. Қазақ руханиятындағы ең ізгі жандардың бірі. Әрі шәйіт. Күнәм бар деп білген. Күнәсіз кісі болмайды. Біз де... Сіз де... Кейде шайтан азғырып, кейде еріксіз... бірдеңелер итермелеп. “Жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ жоқ” дегендей. Тіпті, жаңылмай-ақ, сүрінбей-ақ. Мәжбүрліктен. Немесе мақтан үшін. Мәселен Мен...

“Құл Қожа-Ахмет, жамандардың жаманысың,
Барша – бидай, ел тұтпаған сабанысың!..”

Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың сөзі. Соншама кішіпейіл болған. Ал Мұхтар Мағауин... “Мен! Мен! Мен – тірі классикпін! Ал Анау – Мен үшін орташа ғана жазушы!” – деп кеуде қағады. Мүмкін, шынында да солай шығар. Бірақ ойдағы толғамның бәрін сыртқа шығара беруге бола ма? Болмайды. Күнә ма? Күнә. Мойындадық, “покаяние” жасадық, уһ,

әжептәуір жеңілейіп қалдық. Жалғыз күнәні жуғанның өзінде. Енді екіншісін жуамыз. Осындай мақала жазуымыздың өзі күнә емес пе. Анық ақиқат нәрсені дауға салып. Қазақта да тарих болған деп. Абылай хан – Шыңғыс ханның мұрагер ұрпағы деп. Алаш-Орда көсемі Әлихан Бөкейханов – күмәнсіз, нағыз қазақ деп. Арасына Өзімізді де қыстырып. Қажет пе еді осының бәрі, екі көзі де бүтін тоқсан жеті пайыздың қолына таяқ (ұратын емес, сүйенетін, жол-жобаны түртінектейтін, кәдімгі, соқырдың таяғын) ұстатып. Онсыз да анық ақиқат. Қажеті жоқ еді осыншама жұлқынып. Әнеу бір, май түгілі қылтанақ шықпаған қу тастың басынан Ешкі жетектеген Екеу бой көрсетті екен деп осыншама бүлініп керегі жоқ еді. Бекер болды. Күнә ма? Күнә. Мойындадық. “Покаяние” жасадық, тазардық. Бірақ амал қанша, не десеңіз де елу бет жазылып қалды, ары қарай кетеміз. Үшінші күнәміз... Болды енді. Бір жолға жетеді, Ана кісілерді де тазару рәсімінен қалдырмау керек қой. Оның үстіне әуел бастаған да Солар. Солар болғанда, Зор бауырымызға дауа жоқ (қандай да бір күнәдан тыс дегенім ғой), Шоң ағамызға қолқа саламыз. Орысша айтқанда, Шыңғыс ханның ботқасын Сіз пісірмесеңіз де, бағыттаушы, бағдарлаушы Күш ретінде Тарихи Сұхбаттың басы-қасында болдыңыз, әрі “күнәдан тазару” деген ойынды шығарған да Өзіңіз, енді қызығын көріңіз.

Көре жатарсыз. Біз қазбаламаймыз. Айттық, өз күнәміз де жетіп артылады. Тек бізге тікелей қатысты бір ғана кілтипан... әнтек қате жібергеніңізді қынжыла отырып мойындауға тура келеді. Ол – ақыл айтуыңыз. Мына бізге, яғни қазаққа. Басшысы қайтсем өз республикамның тәуелсіздік тұғырын тезірек бекітем деген теріс әрекет жолындағы, ғалымдары надан, жазушылары дымбілмес қана емес, рушыл пайдакүнем, қалған тоқсан жеті пайызы түгел санасыз жұртқа қандай ақыл қонбақ! Өткен тарихынан бас тартпайды. Қалай ышқынсаңыз да. Бекер-ақ шаршадыңыз. Шын даңғыл екі мәрте қателеспейді деуші еді. Бұдан бұрын да көзіңіз жеткен. Бұл жұртқа ақыл қонбайтынына. Есіңізде ме? Колбин – жақсы кісі деп қанша үздіккеніңізбен қазақ қабыл көрмеді. Күні бүгінге дейін Сіз айтқандай тәуір деп білмейді. Қайран сөз далаға кетті. Мінеки, сондағы мүбәрак ақылыңыз:

“Была у меня продолжительная беседа с товарищем Колбиным. У меня в результате осталось хорошее впечатление об этом руководителе. Думаю, Казахстану повезло. И казахи начинают это понимать.”

Колбин жолдаспен ұзақ әңгімелесіпсіз. Нәтижесінде жақсы әсерде қалыпсыз осы бір басшы туралы. Қазақтар қандай ақжолтай (ешқандай еңбексіз-толғақсыз осындай басшыға ие бола кеткен). Мұны (сірә, ақжолтай екенін ғана емес, төбеден түскен басшының да жақсы кісі болып шыққанын) қазақтар да түсіне бастады.

Нақыл-ғақылия толғауды топастың өзі ұғатындай жалпақ тілге көшірсек, осындай болып шығады. Біздің долаң тәржіманы қанағат тұтпасаңыз, түпнұсқаға қайта жүгініңіз. “Орталықта” қалай басылып, қаншалық тарағанын түгендей алмадық, біздің қолымызда сақталып қалғаны – “Кыргызстан маданияты”, 17 декабрь 1987 жыл. Бірақ

кайткенде де Алматыдағы Колбин жолдасқа ғана емес, Мәскеудегі одан да жақсы жолдастарға қаз-қалпында жеткені, яғни, сүйікті өкіметіміз бен туысқан партиямызға майдай жаққаны күмәнсіз. Бізге де жетті. Тек ешкімнің ішіне жақпады. Зор досыңыз белгілеген тоқсан жеті пайыз сол сәтінде кері лықытса, қабыл көрген үш пайыз емханаға тақап, әрең ес жиды. Кейін өзіңіз де жуынып-шайынған қалып байқатасыз, сол шіркін маған әуелінде тәуір кісі тәрізді көрініп еді дейсіз. Қай әуел? Желтоқсан емес пе еді, алғаш бой көрсетуі. Қашан әңгімелессеңіз де, кейінгінің бәрі – әуел емес. Мұндай “покаяние” болмайды. Өзіңіз үшін керек еді. Біз үшін емес. Біз ертеңіне ұмытқамыз. Елемегеннен. Қайда кім не айтпай жатыр. Қайсы бірін түгендерсің. Тек осы жолғы – Шыңғыс ханға емес, өткендегі бүкіл қазақ тарихына қарсы шоң қазат бар дертімізді қозғады. Ауыл-үйдің арасында алжаса бастаған ағаларының аптығын босағада отырған балаларымыздың өзі қағып алатын еді, ойламаған жерде абыройсыз іске Сіз келіп араластыңыз. Бүгінгі қазақты тәп-тәуір біледі деп ойлаушы едік. Бүгінгіні де, бұрынғыны да білмепсіз. Осымен тоқтайық. Егер Сізге Алып Бамсы – Манаспен тізе қосқан Алпамыс көрінген Зор досыңыздың жетегімен әңгімені бұдан ары жалғастыра қалсаңыз, кейінгі балалармен күресуге тура келеді. Біз ақсақал сөзімізді атқарып біттік.

10

Жазыла сөйлесек те, айтылмаған қаншама кеп қалды.

Соның бірі.

Шоң мен Зордың байыбынша, бұрынғы-соңғы адамзат тарихындағы ең кенеусіз қанішер ғана емес, ең сұмпайы, ең құбыжық пенде – Шыңғыс хан болды. Ол аз болғандай, бөліп айтсақ, біздің Зор Шыңғыс ханды орташа ғана қабылетті, ақымақ сорлы санайды. Қайткенде де, мұндай есерсоқ тажалды қастерлеу – санасыздық көрсеткіші екен. Ал (тағы да біздің Зордың үкімі бойынша) Шыңғыс ханның суретін төріне іліп қойған бір ұрпағы – қылмыскерге парпар болып шыққан. Құдай сақтап, Менің де төрімде Шыңғыс ханның суреті тұрғанын білмей қалған. Әйтпесе Итжеккенге бірге жіберетін еді, ұлы қағанның тікелей ұрпағы болмасак та. Бір пәледен қалдық. Бірақ бар пәледен емес. Дау іздеп, жау іздеп, андаусызда өзім атап жазыппын: Менің бір немеремнің аты Бату ғой, Шыңғыс ханның басқа да ұрпақтарының құрметіне қойылған Байдар мен Тоғымды айтпағанда. Сөйтіп іліндік тұзаққа. “Ана тілі” газеті, газетте жазық жоқ, оны басқарып отырған, соңғы бір-екі жылда қазақ рухына қарсы күрес-майданның штаб бастығына айналған Мереке Құлкенов бауырым мүлт жібермейді, бұдан бұрын бізді (Мені) тарихи тақырыпқа сәтті-сәтсіз қалам тартқан тағы екі-үш жазарманмен қоса қабаттап, сырттағы Солженицын мен Жириновскийден де қауіпті ішкі жау деп жариялаған үкіміне (“Ана тілі”, 22.III.2002.) қосымша ретінде, “қанында әлдебір науқастың түйіршігі бар”, тағы басқа балағаты (“Ана тілі”, 6.VI.2002) тұрыпты ғой (оның бәрі жиылып келіп, өз үстіне құйылып

жатыр), осы бір келеңсіз істі – немереміздің Бату аталуын келеке қылғандай болады.

Енді ойласам... О, тоба, біздікі жеңіл бу ғана екен. Бір жуынсақ арылуға мүмкін күнә. Арылмасақ та қалтақтап тіршілік кеше беруіміз мүмкін. Құдай-ау, қанқұйлы, залым, сұмпайы, топас құбыжық Шыңғыс ханның суретін төріне іліп қойған, немересінің есімін өз шаңырағынан тапқан мына біз ұялмай жер басып жүргенде, Шыңғыс хан есімін паспортына жазып алған, өмір бойы соның атын иеленіп жүрген кісілердің күні қалай? Бар күнәсін әкесіне жауып, Шыңғыс атын басқа, жайлырақ есімге алмастырамыз ба, әлде болғанының өзін біржола ұмыттыру үшін тақи-таза көзін құртып жібереміз бе деп. Менің Зор досым (бұрынғы) шарылдап шыға келмек, баяғыдан бар есім, онда тұрған не бар деп. Баяғыдан бар есім – Мұхтар, және соның бәрі Мұхтар Әуезовке барып тірелмейді, Кербаланың шөліндегі қырғыннан соң кек қайтарған әскербасының аты да Мұхтар, одан бұрын да, соң да талай жақсылы-жаманды Мұхтар өткен, қазір күшіктен көп, әуел бастан ұлы қағанға барып тірелетін, содан бастау алатын, одан бұрын болмаған есім – Шыңғыс хан! Бұл бір. Екінші, Уолт Уитменнің бір сөзі бар, біздің саналы ағайындар білсе керек, “Сатқынның, азғынның есімін қастерлеп, жаңа туған балаға жапсырған халықтың өзі құрдымға кетеді” деген, нақтысы – “Азаттық өледі”, түп мағнасы біреу-ақ. Ендеше... Абай айтты деген тағы бір сөз бар. Есігіне келген бір жарымес мүсәпірдің атын естігенде. “Мұқамораз дегені – жын аты еді, – Қандай әке қойды екен аямастан!..” деп. Жаман есімді арқалау қаншалық ауыр. Жай ғана жаман емес, жер әлемнен озған тажал Шыңғыс ханның есімін!

Жоқ! Төрекұл деген асыл азамат болған. Халқымды жарыққа жеткізсем деп ойлаған. Кейінгі ұрпағым ата даңқына сай абырой тапса, ел-жұртым қайта көтерілсе деп ойлаған. Сөйтіп, бабасының аруағы жар болсын деп, жап-жас, жиырманың ішінде көзі көрген тұңғыш ұлының атын Шыңғыс қойған! Шыңғыс Төрекұлұлы Айтматов әкесінің тілеуін ақтап, сайыпқыран Шыңғыс ханның аруағы қолдап, осыншама атақ-мәртебеге жетті. Осы өтірік пе? Шыңғыс ханның аруағы көтерді. Есімін арқалап жүрген әзиз Пірінің. Ең үлкен бағы – Есімінде тұрған.

Бақ қашады, Пір теріс айналады. Пірдің қолдауын, Бақтың қонғанын пендесі біле бермейді, бәрі өзімнің ғажайып күшімде деп ойлайды. Кеткенін, көшкенін ғана біледі дейді халық. Сонда ғана опық жейді. Өткендегі абырой мен алып қуат естелікке айналады...

Обал... Тәңірінің өзімен бой теңестім деп асып-тасқан талайдың басынан өткен кеп. Зәуде бір шалыс басса да, Ақ Жолынан айнымаған мұсылман баласынан бетін ары қылсын.

“А, құдай, күнәмді өшір, сауапқа жаз...”

Шәкерім айтқан. Кісі көрген ауыр күнәсі болмаса да.

“А, құдай, күнәмді өшір, сауапқа жаз,
Таусылмайды рақметің, не болмайды аз;
Жан кетіп, ағайын, мал қалған кезде,
Өлмес, өшпес дәулетім осы қағаз!..”

Иә. Қағаз артта қалады. Оң жазу да, теріс жазу да. Таңбаға түскен сөздің жаманы да, жақсысы да. Төреші – хақ тағала.

11

Ойлап қойған тағы бір сөз бар еді. Асса он бес беттік мақаланы түйіндейміз деген. Саумалап отырып елуді еңсердік. Мұның арғы жағында тағы қаншама қыжыл қалды. Амалсыз ат басын іріктік. Бірақ жаңағы сөзді айтпаса болмас. Алғашқы сарынды ақырына жеткізу үшін. Мәкүрік деген тағы бар ғой. Онсыз да ағайынмен шығысып отырмыз. Біз бастамасақ та.

Әуелгі кебімізге қайтып оралайық. Ешкі жетектеген Екеу еді ғой. Апақ-сапақ асығыста сәл-пәл қателесіппіз. Екеу екені анық, бірақ жетектегені... – тағы да ғафу өтінеміз, Ешкі емес, Теке болып шықты. Енді қайттік? Мақаланы қайта жазсақ, екінші томға кетеміз. Мейлі. Қате кімде болмайды. Танымаппыз, Ешкі емес, Теке (Козел). Бұдан ары бас қатырсақ, мүлде ауысып кетерміз. Бағанағы таптық дегеніміз – яғни ет пен сүт – қисынсыз далбаса болып шықты. Текенің сасай етін кім желті. Тіпті, Бұқаның, Айғырдың өзінің сасайын. Аш қасқырға бермесе. Ал сүт... Текеден сүт шықпайды. Әуелгіден де қиын тығырық. Ақыры, былай деп долбарладық. Осының бәріне біздің санамыз жетпей отыр. Бірі Шоң, бірі Зор, Текені бостан-босқа жетелемесе керек. Бәлкім, анау бір сайда бір топ қысыр ешкі жайылып жүрген шығар... Қателесіп кетсек, тағы да кешірім (кешу емес) сұраймыз.

Ешкі төңірегіндегі ең соңғы сөз осымен тәмам.

12

Тәмам болмапты. Тағы да ғайыптан есімізге түсті.

Біздің Зор мен Шоң Мәскеуде Кәсіподақ жаршысы “Трудты” дабылдатып, Алматы мен тағы бір уәлаят орталықтарында тағы қаншама БАҚ-ты бақылдатып жатқанда, Жердің арғы бетінде, бүгінгі күні Американың ғана емес, бүкіл Әлемнің әкімшілік орталығына айналған Вашингтонда... Шыңғыс хан мәселесі қайта көтеріліпті. Американың Пенсильвания университеті, Моңғол өкіметінің септесуімен, “Смиссониян” Ұлттық музейінде кең көлемді көрме ұйымдастырған. Бастан-аяқ Шыңғыс ханға арналған толымды көрме. Астана байтақта шығатын “Тайм” журналы, және басқа да беделді басылымдар мұндай өзгеше оқиғаны мәдени және саяси өмірдегі елеулі құбылыс деп бағалайды. Ал “Вашингтон таймс” газеті 2002 жыл, 6 июль күнгі санында: осы көрме арқылы біз “Шыңғыс ханды тек қаһарлы жиһангер ғана емес, демократиялық құндылықтардың негізін салушы ретінде де таныдық” – деп жазған.

Қаһарлы жиһангер ғана емес, демократиялық құндылықтардың негізін салушы!

Апыр-ай, Зор бауырымның сөзімен айтқанда, бұл істің артында қандай кара күштер тұр екен? Арам ниетті санасыздар Шыңғыс ханның атын жамылып, Америкадағы өкімет билігін басып алғалы жатпаса не қылсын! М.Шахановтың досы, атақты космонавт Джордж Буш... әй, құдай-ай, космонавт, жоқ, астронавт – Армстронг, ол емес, кәдімгі өзіміздің “Космоформуланы” адамзат тарихында болмаған, Шыңғыстың (бұл жолы Айтматов) өзінен асқан ғажайып туынды деп таныған президент Бушты тезірек ескерту керек екен!

Жә!.. Ойнамасақ та біраз жерге бардық.

“Өзін аямаған өзгенің бетін шиедей қылады” депті қазақ. Шие жақсы ғой, сыртқы тамырдан шыққан. Біздің арғы-бергіміз түгел қозғалған сияқты. Бәріміздің де. Былғанбаған мүше қалмады. Батпақты тазарту үшін деп көңіл жұбатамыз. Бәріміз бірдей тазара алсақ. Осымен бітсе. Көрмесем де біліп отырмын, ертең бұрынғыдан да дүбірлі айқай көтеріледі. Ойбай, аттан. Бұл не сұмдық. Шынында да. Біздің бар сұмдық – амалсыз жазылған осы мақаланың ішінде. Өткендегіден жүз есе айқай шықса да, айтарымыз айтылды, басқа жауап жоқ. Өзіміздің тоқсан жеті пайызға да, Сіздің үш пайызға да осы мақаланы қайталап оқуға кеңес берем. Жаны шыдағанның жарық күні жалғаса береді.

Болды!

* * *

Ақырында бұрнағы бір сөзімізді тағы да қайталап айтамыз:

Шыңғыс хан – адамзат тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі, ал біз үшін мәңгілік мақтаныш!

Жоқтасақ Шыңғыс ханды жоқтайық.

Ардақтасақ – тағы да ең алдымен сол Шыңғыс ханды!

8-19.X.2002,
Алматы.